1-қыркүйөк – Білім күні

Облыстық «Вечерний Жетісу» газеті мен облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бірлескен жобасы

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Дайындық курсын ашу заман талабы

Бәрімізге аян, өзге салалармен қатар білім беру саласында да жеткен жетістігіміз көңіл қуантады. Айталық, ағымдағы жылы білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Оның басты міндеті – оқытудың жаңа сапасына қол жеткізу. Сондай-ақ, осы жылдан бастап орталықтан басқаратын білім сапасын бақылаудың вертикалі енгізілді. Оның функциясы – жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдарының тиімді кері байланысын қамтамасыз ету. Олар білім сапасын бақылап қана қоймай, оқыту мазмұны мен әдісін жетілдіреді. Осыған орай, облыстарда министрліктің аумақтық департаменттері құрыла бастады. Алғаш рет «Студенттік баспана» бағдарламасы қолға алынды. Соңғы 10 жылда білім беру саласын қаржыландыру 7,5 пайызға өсті. Сонымен қатар, Қазақстан кадр даярлаудың жаңа моделіне көшті. Орта білім беруде өзге білім беру ұйымдарына үлгі болатын Назарбаев зияткерлік мектебі жұмысын бастады. Онда Елбасының бастамасымен үш тұғырлы оқыту жобасы енгізілуде.

Әрине, бір мемлекеттің өркениетке барар жолы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» , – деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыры мен сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін мойындаймыз. Ұстаздық ету – мамандық қана емес, өмірдің мәні мен мағынасы, сонымен қатар, жас ұрпақтың ізгі болашағына деген сенімі болып табылады. Абай атамыз: «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп түйіндейді. Сондықтан педагогтардың қоғамдағы имиджін көтеру – біздің басты бағытымыздың бірі. Олардың материалдық жағдайын шешу білім беру сапасын жоғарылатуға түрткі болады.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы» дегендей, халқымыздың ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалаптасқан жақсы дәстүрлері бар. Оны оқып-үйреніп, өнеге тұтпай жастарды ізгілікке баулу мүмкін емес. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, білім саласын қоғамдық қолдау, оған азаматтық қоғамның қатысуы тиімді нәтиже береді. Сонда ғана Мемлекет басшысының білім саласын жаңа деңгейге көтеру талабын орындай аламыз.

Дей тұрғанмен, көңіл көншітпейтін тұстарымыз да қылаңдай бастады. Бұған биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу мен талапкерді кешенді тестілеу барысында көз жеткіздік. Ресми мәліметке жүгінсек, республика бойынша, ағымдағы жылы Ұлттық бірыңғай тестке қатысқан мектеп бітірушілердің тең жартысы 50 балдық көрсеткішке жете алмаса, кешенді тестілеуге қатысқан үміткерлердің 70 пайыздан көбі үмітті ақтамаған. Мұның өзі білім беру саласында әлі де жетіспей тұрған тұсымыздың көп екендігін аңғартады.

Сонымен қатар, жыл сайын 11-сыныпқа түскен оқушыларды мұғалімдер жыл бойы тестке дайындаумен өбігер болады. Алайда, оқушыларға өткен жылдардың тест сұрақтарын қайта-қайта жаттатып дайындаудан өткізгенімен белгілі бір жүйе болмағандықтан талапкер жанжақтылы писихологиялық қысымның салдарынан жақсы көрсеткішке жете алмай жатады. Сондай-ақ, мамандық таңдау барысында қателесіп жатады да білімін толық көрсете алмайды.

Сондықтан Ұлттық бірыңғай тестке қатысатын үміткерлерді жоғары оқу орындарының қабырғасында дайындықтан өткізу бүгінгі күннің басты талабы депойлаймыз. Әрине, жоғары білімге қол жеткізе алмаған жастардың тағдыры білім және ғылым министрлігін бейжай қалдырып отырған жоқ. 2011 жылдың 30 қаңтарында болашақ талапкерлердің жалпы білім даярлығын жоғарылату мақсатында ҚР білім және ғылым Министрінің № 554 бұйрығына сәйкес «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында дайындық бөлімдерінің іс-әрекетін ұйымдастыру ережесі» бекітілген болатын. Дер кезінде жария болған бұл құжат жоғары білім алуға ұмтылған отандастарымыз үшін де, шетелдіктер және ҚР тұратын азаматтық алмағандар үшін де, әсіресе биылғы оқу жылында ҰБТ және кешенді тестілеу сынағынан өте алмай қалғандар үшін қолжетімді, әрі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

Осындай бастама бойынша І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде де іс-шаралар ұйымдастырылып, дайындық бөлімінде талапкерлер 9 ай бойы білімдерін шыңдайды. Бөлім жұмысын ағымдағы жылдың 1 қазанында бастамақшы. Дайындық бөліміне түсушілер Қазақстан тарихы, жалпы тарих, информатика, математика, қазақ тілі, орыс тілі, әдебиет, шет тілі, физика, биология, химия, география, дене шынықтыру сынды пәндер бойынша білімдерін жетілдіреді. Жалпы университетте биылғы жылы 10 дайындық тобын ашу көзделуде. Әр топта 20 білім алушы оқиды деп жоспарлануда. Оларға университеттегі білікті оқытушы-профессорлар құрамы дәріс береді. Оқу мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде жүргізіледі. Бөлімді бітіргеннен кейін тыңдаушылар алған білім нәтижесін көрсететін тест тапсырады. Егер ақылы оқуға ниет білдірсе, бірден университеттегі ақылы бөлімге қабылданады. Егер, мемлекеттік білім грантын иеленем десе, онда дайындық бөлімін бітірушілер кешенді тестілеуге қатысып, бақтарын сынай алады.

Мұндай дайындықтан өткен оқушы бірінші ден, өзінің орта мектеп қабырғасында алған білімін жоғары деңгейде пысықтаудан өткізуге мүмкіндік алады. Екіншіден, жоғары оқу орындарындағы мамандықтар негізінде болашақ жоспарын құруға жол ашылады. Сондай-ақ, оқуға түсудің тағы да басқа мүмкіндіктерінен хабар табады.

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

АСТАНА

Әсем қала, бас қала
Елімдегі жас қала.
Бәйтерегі бой созып,
Жарқырап тұр Астана.

Айдай сұлу, көрікті,
Бауырап алар ерікті.
Әлемдегі бар елге,
Үлкен шабыт беріпті.

Сәні болған даламның,
Жыры болған ғаламның.
Мақтанамын қашанда,
Сәулетімен бас қаламның.

Айжан Төлеубаева,
Жаңаталап орта мектебінің оқушысы.
Қаратал ауданы.



ӘЖЕТАЙ

Менің асыл жан әжем,
Мейірімді бал әжем.
Шай қайнатып берейін,
Бал қаймақта берейін.
Жантайып жатып қасында,
Ертегіңді тыңдайын.

Зейнел АЯУЛЫМ,
Жаңаталап орта мектебінің оқушысы.
Қаратал ауданы.



ҚЫС



Қандай аппақ дала,
Қандай таза ауа.
Ағаштарға мұз қатып,
Тұрғаны да бір бақыт.
Қардан қала тұрғызып,
Жүргенің де бір қызық.

Айжан МАМАНОВА,
Жаңаталап орта мектебінің оқушысы.
Қаратал ауданы.

Алғашқы қоңырау сыңғыры



Жазғы демалысты қызықты өткізіп, оқуға асыққан балалар мен енді ғана мектеп табалдырығын аттаған жеткіншектер 1-қыркүйекті асыға тосады. Биылғы жылы да атаулы күн жоғары деңгейде аталып өтті. Талдықорған қаласындағы №2 орта мектепте өткен шараға мұғалімдер мен ата-аналар көптеп жиналып, шәкірттерді құттықтады. Осымен 59-рет жаңа шәкірттерді қабылдаған білім шаңырағының жетістігі де жаман емес. Мектеп директоры Лязат Есботанованың айтуынша, ағымдағы жылы осы білім ордасынан 11-сыныпты бітірген 75 оқушының 74-і жоғары оқу орнына қабылданған. Сондықтан болар бірінші сыныпқа келетін балалардың саны күрт артқан. Жалпы, 4 қазақ, 2 орыс сыныбына 170-ке жуық бала келіпті. Ал 11 жылдықты 5 сынып бітіріп, үмітін үкілейді.

Шара барысында көңілді ән айтылып, би биленді. Жоғары сынып оқушылары жас шәкірттерге мектеп өмірінің қызықты тұстарын бейнелейтін тақпақтар оқып берді. Осындай көңілді сәттің бір кезінде жаңа оқу жылының басталғанын паш ететін сыңғырлы қоңырау үні естіліп, оқушылар сынып жетекшілерінің бастауымен сыныптарына енді. Онда ҚР Конституциясына арналған алғашқы сабақ өтіп, еліміздің болашағын қалайтын жеткіншектер елдігімізді айғақтайтын ұлттық раміздер туралы мағлұмат алып, танымын кеңейте түсті. Осыған орай, ата-аналар мен қонақтар 1 «Д» сыныбының жетекшісі Дүрия Тұрсынқызы өткізген сынып сағатына қатысып, білімге құштар балалардың тасқындаған жігеріне куә болды.

«Баласы бәйгеге шапса, үйде отырып тақымын қысатын» қазақ емеспіз бе, ата-аналар қуанышында шек болмады. Өйткені, олардың балалары жаңа болашақ, жарқын өмірге бағыт алып отыр. Жиналғандар тәуелсіз елдің ертеңгі иегерлеріне бақ пен бақ тілеп тарасты.

Ажар Андас.
№2 орта мектептің оқушысы.
Талдықорған.

Бала тілі – бал

Балабақшада серуенге жиналған екі-үш жасар бала шкафтарынан сырт киімдерін алып жатқан. Жаңадан келген Шахнұр өз шкабын таба алмағандықтан:

– Менің үйім қайда? – деп, тәрбиешіге жаутаңдай қарады.

X X X

Апасы мен атасының тәрбиесіндегі үш жасар Қайсар телефон арқылы Алматыда қызмет жасайтын ата-анасымен сөйлесіп тұр.

– Апам маған кітап сатып берді. Мен енді мектепке барамын. Кітаптың ішінде қоян бар, банан бар, міне, қара, – деп, телефон түтқасын кітап үстіне қояды. Аздан соң телефон түтқасын құлағына тосып:

– Көрдің бе? – деп сұрайды.

X X X

Ерболсын лақтырған теннис добы байқаусызда екі-үш жасар Ревхаттың мұрнына тиіп кетті. Ол:

– Алай, Ерболсын қанады, анау доппен, – деп тәрбиешіге арыз айта жүгірді.

X X X

Бекнұрдың дәретханаға кіріп кеткенін байқамай қалған тәрбиеші:

– Бекнұр қайда? – деп екі-үш жасар тәрбиеленушілерден сұрады. Сонда Әнел:

– Бекнұр писайып отыр, – деп жауап берді. Күлкіден езу жия алмаған тәрбиеші "Бекнұр дәретханада" деп айту керектігін түсіндірді.

X X X

Төпішкесінің ілгері ағытылып кеткен екі жасар Бейбарыс:

– Апа, төпішкемнің есігі ашылып кетті, – деп, апасынан көмек сұрады.

Құралай НАУРЫЗБЕККЫЗЫ.

Клен, тополя и березы

Я очень люблю деревья и хочу рассказать о деревьях, растущих в нашем краю.



Деревья вырастают из маленьких семян маленькими саженцами. И с годами вырастают в могучие, крепкие, с густой кроной, дающие тень и прохладу в жаркий летний день деревья. Корнями они уходят глубоко в землю, чтобы крепко держаться на ней и брать живительную влагу и минералы.

Как широко разрастается клен! В его густой листве устраиваются и поют птицы. Как устремлен ввысь и сверкает серебристый тополь! Одно загляденье!

А березы! Моя бабушка говорит, что когда человеку плохо или грустно, надо постоять у березы, и, шурша мягкой листвой, она успокоит и снимет боль у человека. И клен, и тополь, и березы упоминаются в песнях и в стихах. Но ведь они сами всегда поют - мягко качая могучими стволами и ветками, шелестя листьями в такт ветру.

Конечно, у нас растут множество разных деревьев: и дуб могучий, и ива плакучая и другие.

Многие деревья являются символами той или иной страны. Кленовые листья украшают герб Канады. Береза считается символом России, как поют в песнях про Россию: «Край березовый, край Есенина».

На гербе Ливана - кедр. Жаль, что у нас не растет кедр, так как мы в другой природной зоне. Но зато у нас свои, родное джиде – со вкусными, полезными, тающими во рту плодами.

Давайте будем любить и ценить нашу природу.

Анастасия САЖИНА,
ученица 7 класса школы им. Н. Островского.
г. Сарқан.



Жауапты шығарушы:
Қажет АНДАС.
Айнагүл ҮШКЕМПІРОВА.
Байланыс телефондары:
8 (7282) 24-30-57,
8 (7282) 27-18-76.

ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ
Алматинская областная информационно-рекламная газета
Распространяется на территории Алматинской области.

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Регистрационный номер №11825-Г. от 29.06.2011 года.
Газета набрана и сверстана в компьютерном центре редакции и отпечатана в типографии «Офсет» филиала ЗАО «Алматы-Болашак», ул. Кабанбай батыра, 32

Любое использование материалов, в том числе путем перепечатки, допускается только по согласованию с редакцией. Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции.
Рукописи и письмо, направленные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются. Направление письма в редакцию является согласием на обработку (в том числе публикацию в газете) персональных данных автора письма, содержащихся в этом письме, если в письме не указано иное.

Заказ № 1174
Тираж 13250
Адрес редакции: 040000, Алматинская область, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32.
тел.: 8 (7282) 241 393, 243 445, 274 197.
e-mail: evening-zhetysu@mail.ru

Собственник и издатель газеты «Вечерний Жетісу» ТОО "Журнал "Шынгысхан"
Директор Асхат БИМЕНБЕТОВ
Главный редактор Асхат АЛТЫНБЕКОВ
Зам. редактора Татьяна ДЕМИДОВА
Начальник центра продаж и рекламы Асылбек САГАДИЕВ

Қауырсын қалам

Облыстық «Вечерний Жетісу» газеті мен облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бірлескен жобасы

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Отбасы тәрбие өзегі

Халқымызда: «Көп естігеннен сұрама, көпті көргеннен сұра» деген дана сөз бар. Біздің тарихымыз бен ұлттық құндылығымыз осылай өріледі. Иә, ұлт мұраларын тірнектеп жинайтын болсақ, мұндай нақылдың сан түрін табуға болады. Олардың әрбірі өмірдің өзегі, сөз мәйегі ретінде бүгінгі күнде де құнын жоғалтқан жоқ. Осы ретте Тәуелсіздіктің 21 жылында жеткен жетістіктерімізді де ұлттық құндылықтың жалғастығынан іздестіруге болады. Әлбетте, бәрімізге мәлім, саусақпен санарлықтай жыл ішінде барлық салада үлкен табыстарға жеттік. Тіпті, өзге елдерді таңғалдырған бастамаларымыз да аз болмады. Әрине, мұны мемлекеттік маңызы бар іргелі жобалардан қарастыруға болады. Сол бағыттардың жүзеге асуында қарапайым адамдардың да қосқан үлесі жетерлік. Әсіресе, өскелең ұрпаққа саналы, салиқалы тәрбие беруде атқарылған кешенді шаралар көңіл қуантады. Осы орайда, мұғалімдер қауымына ризашылық білдірген жөн.

Қазақ халқының да ертеден бері өз мәні мен маңызын жоғалтпай, тарихи сипатқа ие болып келген дәстүрлері, халықтың қанына сіңген қадір-қасиеттеріне айналған ерекшеліктері – атап айтқанда, балажандылығы, үлкенді сыйлап ардақтауы, туысқандық, достық, көңілділік, адамгершілік қатынастары ұлттық тәрбиенің нәтижесі. Әсіресе, жасы үлкенді сыйлап, ізгі ниетпен ізет көрсетуге тәрбиелеу отбасы мүшелерінің қадір-қасиетін арттырады. Сондай тәрбиені көрген балалардың айналасындағы адамдармен адамгершілікті қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді.

Баланың танып - білсем деген ниетін қалыпты дәрежеде сақтап, танымдық белсенділігін одан әрі күшейту үшін қызығуын арттыру маңызды. Ал қызығуын ояту үшін зат болсын, әрекет болсын, әйтеуір сол нәрсені жақсы білуі қажет. Оны үйрететін ата-анасы. Үйде еңбекті дұрыс ұйымдастыру бала тәрбиесін табысты етуге жағдай жасайды. Мәселен, тұрмыстағы жұмыстарға араластыру, оның ісін орынды мақтап, әділ баға беріп, ұқсата алмағанына ұрыспай, жаймен түсіндіріп отыру еңбекке деген қажеттілікті сезінуін қамтамасыз етеді. Жасыратыны жоқ көбіне бұл талап іске аспай жатады. Баланы еңбекке араластырудың орнына өзірге мәзір етіп, бәрін дайындап қоюға тырысамыз. Тағы бір елеулі кемшілік, үй ішінде әркім өз ісімен айналысып, бірбірінде оңаша шаруасы болмай, баланың өз бетінше әрекет етуіне жол ашып береді. Басты қателік те осы. Кейбіреулер баласына: «тек сен тентектік жасамасаң болғаны, қалғаны өз мойнымызда» деп теріс тәрбие береді.Үйде ата-анаға көмек көрсету, айналасындағыларға қамқорлықпен қарау, еңбекке тікелей қатысу баланың жеке басын дамытады. Баланың кез келген еңбек ету еңбектену ниетіндегі бастамасын үнемі қолдап отырған жөн.

Мәдениетті отбасында бірбіріне дауыс көтеру, айқай, орынсыз жанжал жоқтың қасы. Ата-ана балаға арнайы уақыт бөліп жатпаса да әрбір сөйлеген сөзімен, іс-әрекетімен, басқамен қарым-қатынасымен, қимыл-әрекетімен де әсер етіп, тәрбие үздіксіз жүріп жатады. Сондықтан ересектер қасында қырағы да сезімтал бала барын, оған жақсы да жаман да әдеті тез жұғатынын бір минут та естен шығармағаны жөн.

Үйдегі тәрбиеде ата-ананың мінез-құлқы шешуші рөл атқарады. А. Макаренко ата-аналарға арналған лекциясында: «сіз балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексеріп алыңыз», – деген болатын.

Біздің күнделікті тіршілігімізде,



көбінесе, адамдардың мәдениетінің жеткіліксіздігінен зардап шегеміз. Бұл баланың екінші отбасы саналатын мектеп өмірінде де жиі ұшырайды. Бүгінде мектептер компьютер және интерактивті тақтамен жұмыс істелінеді, мұғалімдер сабақ берудің жаңа технологияларын меңгерген. Балаға нақты білім беру үшін барлық жағдай бар сияқты. Ал шындығында ауыл мектептерінде болсын, қала мектептерінде болсын алғырлар мен ата-аналары еркелерімен бірге «оқитын» балалармен ғана жұмыс істейтіндігіміз жасырын емес. Ұстаздардың еңбегін жоққа шығарудан аулақпын, тұрмыс жағдайы мен түрлі папка толтырудан уақыттарының жетпейтінін де шындық, бірақ бүгінгі өтірігіміздің ертеңгі нашақорлар, ішкіштер, бұзақылар дайындалып жатқанын ескеруіміз керек қой. Өйткені, өтірік баға алған бала мектеп қабырғасынан шыққан соң бүгінгі заман ағымының шаңына да ілесе алмайтындығы айдан анық.

Салтанат БЕКМУРЗИНА,
Талдықорған экономика-технологиялық колледжінің оқытушысы.



РИЯСЫЗ КҮЛКІ

Жыл сайын Халықаралық балалар күні, Жаңа жыл мен Наурыз мерекесі, тағы басқа да көптеген мәдени шараларды өткізу «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубының» дәстүріне айналған.

Расында, біздің қоғамда балаларға көп көңіл бөлінген. Жасыратыны жоқ, түрлі қолдау мен аялау, қамқорлық жасау үрдісі жалғасып келеді. Тіпті, қоғамдық ұйымдарда балалардың құқығын назардан тыс қалдырмай қолда бар жақсылығын жасап келеді. Осы тұрғыдан келгенде, ең алдымен көз алдыңа «Мүшелтойдың» тағылымды істері оралады.

Иә, қоғамдық бірлестік болған соң «Мүшелтойдың» қалтасында мол қаржы жоқ. Бірақ, оның игілікті ісін қандай да бір мемлекеттік мекеменің атқарып жатқан жұмыстарынан кем деп айту негізсіз. Әлбетте, Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектептің жер төлесіне орналасты демесең, оның кеңдігі – жылылығымен, дарқандығы – балалардың бағын ашатын парасатты бастамаларымен өріліп жататыны көңілге жылылық ұялатады. Биылғы жылды да мүшелтойлықтар жақсы жаңалықпен бастады. Олар Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балаларға арнап «Жаңа жыл кешін» ұйымдастырып, оған «Мүшелтойдың» тұрақты мүшелерін шақырды. Әсем безендірілген жасыл шырша айналасында балалар ән айтып, биге басып нағыз бақытты шақты бастан өткізді. Ал шаттықты шараның соңында «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубының» төрайымы Дания Қыдырбаева шараға қатысқан ата-аналар мен балаларды құттықтап, өз күшімен дайындаған бағалы сыйлығын табыс етті. Осы орайда, аталған шараның өтуіне дем беріп, жомарттық танытып, балаларға мейірімділік пен қолдау білдіріп, қаржылай көмек көрсеткен (12000 мың теңге) «Қазақтелеком» АҚ мен облыстық телекоммуникациялар дирекциясының бас директоры Ж. Мейрамбаевқа алғысын білдірді.

Жаңа жылды осындай қуанышпен қарсы алған балалардың жүздерінен жалынды үміттің, болашаққа деген сенімнің жалыны ескенін аңғардық. Иә, өмірде балаларға жасалған жақсылыққа тең келер қуаныш жоқ-ау, сірә!

Рахат РАХЫМЖАНОВ,
Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектептің оқушысы.

Талдықорған.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Аппақ алап, мүз күрсаулап жер бетін,
Жылт-жылт етіп нұр ойнайды далада.
Осыдан-ақ табиғаттың келбетін,
Сіңіресің еріксіздеп санаңа.

Шытқыл аяз бетті қарып, тоңдырып,
Жатса-дағы балақты жел жұлмалап.
Ақ үлпаны құс қанатқа қондырып,
Жастық жалын даладан бақ жүр қарап.

Сүңгі талдар сары аяздан қылаулап,
Иіледі бұтақтары жер иіскеп.
Ақ көрпеге қымтанып-ап анау бақ,
Жатады бір тылсым ойлар өрістеп.

Мекен етіп ағаш басын, тал басын,
Құстар отыр қар суымен таранған.
Иә, өрқашан қанаттарың талмасын,
Тазалық пен даралықтан нәр алған.

Өрлі-төмен зымырайды қос шаңғы,
Тіліп өтіп, қасат-қасат қар үстін.
Бөлейтұғын қуанышқа жас жанды,
Бірақ, жетер көмбе әлі алыс тым.

Ажар АНДАС,
№2 орта мектептің оқушысы.

ӘКЕТАЙЫМ

Жаңарып ай-күн, өтеді күндер сырғып,
Алға қараймын, күтеді үміт жыр ғып.
Жүрегім алай-дүлей, білмеймін, не боларын да,
Әкешім, күндер өтті өзіңсіз жылжып.

Тұлғаңды тағдыр дейтін жел шыңдаған,
Маған қанат бітірген сенсің дарам.
Төзімнен тамырланған үміт, тірлік,
Өзіңнен өзге кімнен келсін маған.



Ар тұтып арманымды асырауды,
Күйбеңмен өрнеге бір басым ауды.
Сол шақта мен өзіңе қарап тұрып,
Сезінем басылмауды, жасымауды.

Асқар тау әкем, сағындым сағындым сені,
Сағынышыма ән болып табылды емі.
Түсіме жиі кіресің жарқырап өңімдегідей,
Келесің ылғи жаннаттан қорғауға мені.

Мен өзіңді сағынам әр күн сайын,
Рухың риза болса екен маған дәйім.
Әкешім қалаланба біздер бармыз,
Белгілі ғой сізге де менің жайым.

Назерке СЕЙСЕНБАЕВА,
№25 орта мектебі
11 «а» сынып оқушысы.

ШӘКІРТ ҮНІ

МЕКТЕБІМНІҢ МЕРЕЙІ

Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған біз міне, бүгін, алтын ұямыздан ұшқалы отырмыз. Бала жастан өтіп, балғын шақты артқа тастап, болашақтың баспалдағына қадам басқалы отырмыз. Он бір жыл бойы мектептің меншігінде болып, біліммен сусындап, келешектің есігін айқара ашатын уақытқа да жеттік.

Дей тұрғанмен, әрнәрсенің өз орны, мақсат-мұраты және сол нәрсеге кедергі болатын жайттар да бар. Ол мектеп бітірушілерге болашақтың кілтін табыс ететін сәт. Бұл күні он бір жыл бойғы алған білімді саралап, күш-жігеріңді салып еңбектенесің. «Ұлттық бірыңғай тест» деп аталатын мәре түлектердің болашағы айқындалатын сын.

«Білім басы – бейнет, соңы зейнет» демекші, ҰБТ-ға біздің мектептің түлектері барын салып, дайындалуда. Әрине, мұнда ұстаздар қауымының алатын орны ерекше. Негізінен қандай жағдайда да ұстаз шәкірттің демеушісі. Десе де, ұстаздарымыздың аянып қалмасы анық. Олар бар күшін салып, «Асу бермес асқар жоқ» екенін ескертіп, шәкірттерін білім жолында болаттай шыңдаған.

Міне, аз ғана уақыттан кейін талай түлектің сыналатын кезі келеді. Сыныптастарыма сәттілік тілеймін. Ата-анамыз бен ұстазымыздың үмітін ақтауға, мектебіміздің атына кір келтірмеуге тырысайық. Алдағы сыннан сүрінбей өтіп, жоғары нәтиже көрсетсек, біздің де, мектебіміздің де мерейі үстем болмақ.

Мадина СЛАМБЕКОВА,
Е. Берлікожа атындағы №11 орта мектебінің 11-сынып оқушысы.



Жауапты шығарушы:
Қажет АНДАС.
Айнагүл ҮШКЕМПІРОВА.
Байланыс телефондары:
8 (7282) 24-30-57,
8 (7282) 27-18-76.

ВЕЧЕРНИЙ ЖЕТІСУ
Алматинская областная информационно-рекламная газета
Распространяется на территории Алматинской области.

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Регистрационный номер №11825-Г. от 29.06.2011 года.

Газета набрана и сверстана в компьютерном центре редакции и отпечатана в типографии «Офсет» филиала ЗАО «Алматы-Болашак», ул. Кабанбай батыра, 32

Любое использование материалов, в том числе путем перепечатки, допускается только по согласованию с редакцией. Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции.
Рукописи и письмо, направленные в редакцию, не рецензируются и не возвращаются. Направление письма в редакцию является согласием на обработку (в том числе публикацию в газете) персональных данных автора письма, содержащихся в этом письме, если в письме не указано иное.

Заказ № 111
Тираж 14700

Адрес редакции:
040000,
Алматинская область,
г. Талдыкорган,
ул. Кабанбай батыра, 32.
тел.: 8 (7282) 241 393,
243 445, 274 197.
e-mail: evening-zhetysu@mail.ru

Собственник и издатель газеты «Вечерний Жетісу»
ТОО "Журнал "Шынгысхан"
Директор
Асхат БИМЕНБЕТОВ
Главный редактор
Асхат АЛТЫНБЕКОВ
Зам. редактора
Татьяна ДЕМИДОВА
Начальник центра продаж и рекламы
Асылбек САГАДИЕВ

Қаламгер

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Біз: «Баспасөз – билік пен халықтың дәнекері», – деп жиі айтамыз. Десе де, осы дәнекерліктің түп-негізі баспасөздің бағын ашатын тілшілер қауымының білімділігі, заман үнін дөп басатын шеберлігі, ойлылығы, айта берсек, кете беретін кәсіби талантымен тікелей қатысты болады. Ол үшін өзіндік ойы, бағыты, ізденісі бар журналистерді дайындайтын оқу орындарында жақсы жағдайлар қарастырылғаны жөн. Осы тұрғыдан келгенде, кейінгі жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің гуманитарлық факультетінен журналистика мамандығы ашылып, осы сала мамандарын тәрбиелеу жұмысын қолға алды. Міне, биылғы жылы алғашқы түлегін ұшырғалы отырған оқу орнының ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың қолдауымен «Журналист мамандығын оқып жатқан студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасы өз жұмысын бастап кетті. Бұл мақсатта студенттер өңірдегі ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу өткізіп, пікір алмасып, көптеген тәжірибелік шеберлігін шыңдауға мүмкіндік туды.

Қаламгерлік қаржымен өлшенбейді

Бұл бір жағынан, сырт көзге төкаппар, көп ашылып, сыр айтпайтын журналист ағайларымыздың жан дүниесін тереңірек түсінуге мұрындық болса, екіншіден, аталмыш мамандықтың алғашқы шарттарын бойымызға сіңіруге жол ашты. Соның бір дәлеліндей, көкейде жүрген біраз сауалымды арқалап, облыстық «Жетісу» газетінің табалдырығын аттаған едім. Алдын ала дайындаған сұрақтарымның дені мәдениет және өнер саласына қатысты болғандықтан, осы басылымның әдебиет және мәдениет бөлімін басқаратын **Қажет АНДАС** ағайға жолықтым.

– Қажет аға, адамзат қоғамында мәдениет пен өнер өзекті тақырып екендігі анық. Осы тұрғыдан келгенде, газеттегі мәдениет дегенді қалай түсінуге болады?

– Адамзат өркениетінің дәл қай кезеңнен бастау алғанын нақты айтып бере алмасам да, қоғамның алға жылжуы мен кері кетуі мәдениетке деген ұмтылыс пен өнерге болған сүйіспеншілікпен қатысты болатынын жоққа шығара алмаймын. Әлемдегі газет өндірісінің бастау алғанына бес жүз жылдан астам уақыт болыпты. Француздар шығарған (нақты аты есімде жоқ) әлемдегі ең алғашқы газеттің бірінші нөмерінде жазылған тақырып француз мәдениеті мен өнеріне арналған екен. Өйткені, қоғам, жеке тұлға қашанда осы екі ұғым төңірегінде өрістейтіні шындық. Егер белгілі бір қоғамның немесе жеке тұлғаның мәдениет пен өнердегі деңгейі қаншалықты жоғары болса, ол өркениет көшінен өзіндік орнын ала алады. Керісінше болса құрдымға кетеді. Адам әдемі киінуге, көңілді жүруге міндетті. Бірақ, сыртқы әдемілiктің бәрі көркемдік болып табылмайды. Бастысы, ішкі жан дүниесіндегі кеңдік, мейірімділік сияқты адамдық қасиеттің жоғары-төмендігімен өлшенеді. Сырты жылтырап жүргенімен, іші түтінденіп тұратын, жеке пайдасы үшін екіжүзділікті санасына сіңірген, сөйлеген сөзі істеген ісіне сай келмейтін адамды көркем мінезді деуге келе ме? Сол сияқты ақпарат құралдарын да адам сияқты елестетуге болады. Әдемі безендірілген газеттің бәрін ұлттық өркениетке үлес қосып жатыр деп айту қазірше ерте. Бүгін де қаржылық қажеттіліктің салдарынан жағымсыз бәсекелестікке бой алдырған басылым жетіп-артылады. Олардың мақсаты – оқырманның психикалық әлсіздігінен пайдаланып, напақа табу. Замана тудырған құндылықтарға сай көптеген басылым осы жолға түсіп кетті. Ал діни қасиеттерді пайдаланып, жеке мүддесін қанағаттандырып жүрген басылымдар қанша? Олар адамзаттың қас жауы. Бұл сайып келгенде мәдениет пен өнердің жегі құрты. Құрт бөйтеректің өзегін кеміріп тауысқанша тыным таппайды. Осындай мәдениет пен өнерді жегі құртша кеміріп жатқан басылымдар біздің ұлттық болмысымызды ойрандамай тынбайды.

– Ендеше, өзіңіз жұмыс жасайтын облыстық «Жетісу» газетінінің бағытын қалай бағамдайсыз?

– Бүгінде 95 жылдық тарихты артқа тастап, қазақ мәдениеті мен өнеріне, жалпы ұлттың өміріне өзіндік сүрлеуін салған басылымның бағасын бізден бұрынғылар беріп кеткен. Өйткені, осыдан тоқсан бес жыл бұрынғы қазақ қоғамы ақпаратқа сусап тұрған кезде дәуір бұзар жаңалығымен жарық етіп, өмірге келген басылым ұлттың ұлағатты ұлдарын елге танытумен, қазақ классиктерінің қаламын ұштаумен, қоғамның алға ілгерілеуіндегі дәуір бұзар жаңалығынан ешуақытта да жаңылған жоқ. Басылымның сарғайған нүсқаларын парақтап отырсаңыз, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, тағы басқа да ұлылардың алғашқы түсауы «Жетісу» арқылы кесіліп, оқырманына жетіп, ұлттық үстанымның бағдаршамына айналғанын аңғарасыз. Расында, бұл басылым қоғамдық-саяси газет. Десе де, мәдениет пен өнер тақырыбына кең мүмкіндік ашылған. Өткенге бармай-ақ қоялық, егер сіз бүгінгі газеттің әр нөмерін парақтап отырсаңыз өңір мәдениеті мен өркениеті жайлы әрқандай тақырыпты тауып ала аласыз. Тіпті, еліміздегі тек мәдениет және өнер бағытын ұстанған басылымдармен салыстырған шоқтықты болып көрінетінін еріксіз мойындайсыз. Бұл – басылымдағы басшылықтың жауапкершілігінде, журналистердің біліктілігінде жатыр. Сонымен қатар, «Жетісу» газетінің батыл ұстанымы 95 жылдық тарихында жинақталған. Бүгінде басылым 50 мыңнан астам тиражбен таралады. Өткен жылы «Алтын Жұлдызды» басылым деген мәртебелі атақ алдық. Елімізде үш мыңнан астам газет болса, мұндай атаққа санаулы басылым қол жеткізді. Ал облыстық газеттердің ішінде «Жетісу» газетінің ғана жұлдызы жарқырады.

– Халқымыз «Жас өседі...» демей ме, өздеріңіздей көргені мен түйгені көп ағалары бар бүгінгі жастар да төселер, жығылып жүріп жол табар. Бірақ қалам ұстаған адамдарға ортақ бір парыз бар. Ол – халқына қызмет ету. Осы тұрғыдан келгенде журналистердің қадірін асыратын, беделін қашыратын не нәрсе?

– Журналистердің қадірін асыратын – шындықты айту. Беделін қашыратын – шындықтан жалтару. Мұнда біз алдымен шындық дегеннің не екендігін парықтай білуіміз керек. Ол үшін сөзгіштік, сезімталдық, мәселеге нақты талдау жасайтын қабілеті болғаны жөн. Сонымен бірге, журналист қоғамда орын алған келеңсіздіктерді термелей бермей, бүгінгі дамуымыздың ең өзекті мәселелерін байқай алуы керек. Өзіңіз барлап қараңыз, алғаш тәуелсіздік алған кезде қалай болдық, абдырадық, не істеудің жайын білмей сансырап қалдық. Десе де, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында бар қиындықты сырып тастап, бүгінгі өркениетті өмірге жеттік. Осыдан он жылдың алдында облысымыз қандай болып еді? Енді ше?.. Шындық деген міне, осы. Нағыз журналист осы кезеңдерді сараптай отырып, елді ынтымаққа, береке-бірлікке, ұлтаралық татулыққа үгіттеуі керек. Өйткені, қазақ елі бүгінгі таңда татулықтың құтты бесігіне айналған қасиетті мекен. Қаншама жақсы дүниелер жасалып жатыр. Осы жұмыстардың бүгіні мен ертеңгі болашағын, ол кімдер үшін жасалып жатқан жақсылық екенін халыққа дұрыстап ұғындыруы керек. Тағы да айтамын, шындық деген міне, осы. Мен өмірімде осы ұстанымда берік тұрдым деп ұялмай-ақ айта алатын адамдардың бірімін.

Қоғам болғаннан кейін түрлі жағдайлардың орын алатыны даусыз. Әрине, қазіргі нарықтық қатынастардың салдарынан көпшік қойып, көтермелеп жататын жағдайлар жоқ дей алмаймын. Сондықтан бүгінгі журналистерге қойылар талап та ауыр. Тек жалаң қызығушылық пен беделжинауды мақсат еткен журналистен үлкен нәтиже шықпайды деген ойдамын. Сөз орайы келгенде айта кетерлігі, қазіргі көптеген (бәрі бірдей дей алмаймын) жас журналистердің теориялық даярлығы төмен. Өйткені, бүгінгі таңдағы оқудың дені ақылы болып кеткендіктен, көптеген жастар диплом үшін ғана оқиды. Журналистика мамандығын бітіргендердің дені еңбекақысы жақсы, беделі биік орындарда жұмыс жасауға ұмтылады да, тәжірибе жинақтауы кемшін түсіп жатады. Қолға байлау, аяққа тұсау болатын жайттың бірі осы.

– Биылдан бастап І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың бастамасымен «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасы өз жұмысын бастады. Бұл ең ұтқыр, ұтымды жоба дей аламын. Әрине, жастар шындалуы, өмірді үйренуі керек. Сонда ғана халыққа қызмет ету сынды өмірдің нағыз шындығын жете ұғына алады. Осы жоба төңірегінде нақтылы айта кетсеңіз?

– Бұл жоба негізінен екі бағыттан тұрады. Бірі – жас журналистердің қаламын ұштаумен қатар, оларға журналист болудың алғашқы тәжірибелерін үйретуге бағытталған. Ал екіншісі, Жетісу өңіріндегі баспасөздердің тарихына шолу жасап, жас журналистерге керекті әдістемелік оқулық жазу. Бұл жұмыстар өз ретімен басталып та кетті. Тағы бір айта кетерлігі, осы жобаға жаңадан ашылған облыстық «Вечерний Жетісу» газеті ұжымы мен облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы, жас қаламгерлердің жанашыры Әміре Әрін ағамыз қолдау танытып, студенттердің шығармашылығын басылымда жариялануына қолдау танытып келеді. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, жұдырықша жұмылған тірлік барда жоспарымыз нәтижелі болатынына көміл сенемін. Міне, бүгінгі сіз бен менің азырақ әңгімеміз осы мақсатты жұмыстың бір парасы іспетті.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Айжан ИМАНАСОВА, ЖМУ-нің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

МЕРЕКЕЛІК ӘЗІЛ

«ЖЕТІСУДЫҢ» ҚЫЗДАРЫ



Бетімізді шымшымайды ақпанғы аяз ызғары,
Далада су ағып жатыр,
Еріп қыстың мұздары.
Қайта оянып нән табиғат, аспан күліп төбеден,
Қайта түлеп тіршіліктің жанды елітер гүлзары.
Міне, осындай жылылықты ала келген ортаға,
Мерекеңіз құтты болсын, Жетісудың қыздары.

Әз басынан талай қызық қуанышты өткерген,
Талай нәзік сезімдерге ғашықтықпен от берген.
Өрлікті де бірге көріп, шаттыққа да шомылып,
Қырдың қызыл қызғалдағын бірге терген бөктерден.
Сан арманды алға сүйреп,
Сан жүректі тербеген,
«Жетісудың» қыздарындай ақылды қыз жоқ мүлдем.

Сенің қайсар жігерің мен парасатың тұрғанда,
Қажырыңды қажыта алмас шіліңгір де, ызғар да.
Бүгінгінің сырын іздеп, ақиқатқа аптығып,
Батылдықпен жол салатын келешекке, тыңдарға.
Еңбегіңді бағалайды ел, бағалайды болашақ,
Біздер үшін одан биік мәртебе мен шың бар ма?!

О, құдірет, тірлік деген дария да өтпелі,
Әр бағытқа сүйрелейді өмірдің сан ескегі.
Алдыңғыға есеп беріп, болашаққа жол нұсқап,
Әр күн сайын жыртылғанда календардың беттері.
Қажет деген атыма сай бола алдым ба, білмеймін,
Бұдан былай қажетіңе жарамасам кеш мені.

Қажет АНДАС.

Қуанышты хат

(Әңгіме)

Алтынай мектепке ерте тұруы керек. Ол биыл 11-сыныпта. Кеше жай жатқан болатын, үйдің шаруасын бітіремін деп. Байғұс, өбден шаршап жүр, сабағын жақсы оқиды, алғыр, зерек, айтқаныңды екі етпейді. Бос уақытында үйдің жұмысымен айналысады. Анасы ауыршаң. Алдыңғы жылы өкпесіне суық тигізіп, ауруханадан ауруханаға жатты. Сырқаты жазылар түрі жоқ. Бұл жағдай отбасына ауыр тиді. Әсіресе, өкесінің жанына қатты батты. Бар ауыртпалық соның мойнында. Әкесінің де қолы тимейді. Балалары аш қалмасын деп, оның үстіне әйеліне керек дәрі-дәрмегіне ақша табу үшін күндіз-түні жұмыстан қолы босамайды. Алтынай жалғыз емес, сіңлісі бар, шүкір. Оны да жанындай жақсы көреді.

Ертемен оянып, жуынып-шайынып, сабаққа кетті. Пән мұғалімі балаларға жаңа тақырып түсіндіріп жатыр. Алтынайдың сыныбында Ұлттық бірыңғай тестке дайындық жүріп жатқандықтан оқушылар өз-өздерімен әуре-сарсаңға түсіп өлек...

Алтынай өзіне сенімді, бәрін ойдағыдай жазып шықты. Үйреншікті ісі ғой. Ол мұндай тесттердің қаншамасын жазған.

Мектептен шықты да, дереу үйіне қарай жүгірді. Алтығып, терлеп-тепшіп үйіне де жетті. Анасына асықты. Үйге кіріп, анасының төсегінің жанына барды да:

– Мама, бүгін қалыңыз қалай, тәуірмісіз? – деп сұрады. Анасы:

– А-а, сенсің бе? Иә, Алтөшім, жақсымын, кешеге қарағанда бүгін біршама тәуірмін. Кеше өкең қымбат дәрілерді өкеп берді. Соларды ішіп едім, жақсарып қалдым, – деді көңілі шаттана.

Осы сөздерді естіген Алтынай күні бойы анасын ойлаумен болды. Анасының тезірек жазылып кетуін тіледі. Кешкі тамақ жасауға кірісті. Бір жағынан тамақ жасап жүріп, сіңлісінің сабағын оқытып жүр. Үйлерінің де кішкене болғаны барлық жұмысты қиындатады, шашылып кеткен. Соған қарамастан қиындықтың бәрін жеңемін деп іштей өзіне уәде берді. Әкесі жұмыстан келіп, тамақ ішіп, кішкене қызын алып, ұйықтап қалды. Түн жарымы болды, Алтынай әлі жатқан жоқ. Ас ішкен ыдыстарды жинастырып, сабақ оқуға кірісті.

Сабағы да қиындап барады. Тестілеудің де күні ұзақ емес. Ал оның болса сабаққа дайындалатын уақыты жоқ. Аурушаң анасын, өкесінің жағдайын, оқуын, мына күйбең-тіршіліктің бар ауыртпалығы тек өзіне ғана түскенін ойлап, қатты қынжылып, бір жылап алды.

Арада біраз күн өтіп, Алтынайға хат келді. Өткен жолы интернеттен өкпе ауруын тегін емдейтін емханаларды қарап, хат жолдаған болатын. Бірақ, жауап келмегеннен кейін ол туралы ұмытып кетіпті.

Хатты ашып, тез оқи бастағаны сол еді, көзінен мөлдіреген жас дөңгелей жөнелді. Қас-қаққанша өкесі де жұмыстан келіп, есіктен кірді. Алтынай алдынан жүгіріп шығып, өкесіне манағы хатты берді. Хатты оқып болған өкесі:

Енді қиындықтың бәрі артта қалады, қызым. Біз енді жаңа өмір бастаймыз, – деді қуанып. Алтынай өкесін қатты құшақтап, болашақтың жарқын өмірін елестете бастады. Ол өзінің армандарының, алға қойған мақсаттарының орындалатынына еш күмәнданған жоқ...

Айдана ЕРТІСОВА.

Талғар ауданы.

ӨЛЕҢ – ӨРНЕК

Алдамшы өмір

Алдап кетті-ау алдымнан арман небір,
Алдау ма өмір?..
Кім білсін?..
Арбау ма өмір?..
Енді қайтып жанбай ма өшкен үміт,
Енді орнына келмей ме қалған көңіл?

Қалған көңіл жасарып, жанданбай ма?
Кешегі үміт...
Кешегі арман қайда?
Енді қайтып жолымыз түйіспей ме,
Енді қайтып арамыз жалғанбай ма?..

Көнілді едім...
Кеттің-ау сен мұңайтып,
Өшті қалай?..
От-сезім сөнді қайтіп?
Енді қайтып қос тілек тоғыспай ма,
Табыспай ма қос жүрек енді қайтып?

Өткен күннің келмесін жол тұр айтып,
Жалынамын!..
Бер сабыр!..
Бер, құдай, күт!
Енді қайтып сендей жан жолыға ма,
Жағыла ма шырағым енді қайтып?..

Алдап кетті-ау алдымнан арман небір,
Алдауда өмір сөт-сайын,
Арбауда өмір.
Ақ тілегім былғанды-ау...
Қалды-ау көңіл...
Ет-жүрегім тас болды-ау...
Болды-ау темір...

Қуаныш ЖАЗАЙ.

Алматы қаласы.



Қиялымен қыдырып қиянды бір,
Тербеледі қолдағы қыран ғұмыр.
Тал бесігі әлдилеп табиғаттың,
Жылт-жылт етіп бүршіктеп оянды гүл.

Ару жаны биікке талпынады,
Жігіт жүрек сыр іздеп алқынады.
Қос арғымақ жол бұзып келе жатыр,
Сұлулықтың арттырып нарқын әрі.

Пай, пай, неткен тамаша келісті өмір,
Тау басында тал-қайың, еңісте гүл.
Қос жүректе үздіккен сыр бар білем,
Жетсек деген үмітке, жеңіске бір.

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Әлемнің ұлы заңғары

Дара тұлға, қазақтан шыққан алып,
Ғұлама боп танылды әлемге анық.
Ойы ұштасқан ұлтының тағдырымен,
Өлеңдерін тыңдайды ұйып халық.

Білік айтты қақ жарып қара қылды,
Мың мен жалғыз алысты дара тұрды.
Ақиқаттың қашанда жаршысы боп,
Надандықты қамшылап алатынды.

Қазақтың қастерлеген қара шыңы,
Жел соғып, самал есіп дала тұрды
Біртуар ақын нұрлы сөз падиша,
Қазаққа Абай болып жаратылды.

Сөз қалдырды қастерлі, ұлағатты,
Жыры менен қазағын ол оятты.
Өтсе-дағы жыл жылжып, ғасыр аунап,
Тұлғасы тұлғаланып бара жатты.

Өлең сөз торлағандай санатымды,
Ел билеген өлеңмен жан, ақылды.
Әдай ақыны бар мына қазақ,
Қамылмайды ешқашан қара түнді.

Ылғар Батыржан,
Новопокровка орта мектебінің оқушысы,
аудандық Абай оқуының жүлдегері.

Сарқан ауданы.

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Ортақ борыш



Ұрпақ тәрбиесі –уақыт төрінен түспейтін өте нәзік те күрделі мәселе. Жас ұрпақты тәрбиелеу әр заманның талабына сай өзгеріп отыратыны белгілі. Қазіргі заман ата-анасынын да, қоғам мүшелерінің де талабы жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті, Отанымыздың дамуына өз үлесімен ықпал ететін тұлғаны тәрбиелеу. Сол тұлғаны тәрбиелеудегі ең ауыр салмақты мектеп мұғалімдері көтеріп отыр. Мектепте тек білім беріп қоймай, бойында адами құндылықтар дарыған ұрпақ тәрбиелейді. Қазіргі қарбалас тірлікте ата-ана баласының киімі бүтін, тамағы тоқ болса, «мен міндетімнен құтылдым», – деп ойлайды. Сұрағанын беріп, басқалардан артық қылып киіндіріп, қымбат заттар алып беріп қояды. Еліміздің жағдайы жақсарып отырған заманда оған ешкімнің қарсылығы жоқ, алайда, баланың рухани жан дүниесіне мән беру жағы ақсап келеді.

Жалпы баланың жан дүниесін адамгершілікке тәрбиелеу отбасындағы адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа да байланысты. Отбасы мен мектептің үйлесімді, біріккен жұмыстары және ата-аналармен жүргізілген іс-шараларды тиімді жоспарлануы ғана мақсатты бағытқа жетелейді. Қазіргі ата-аналардың барлығы сауатты, заман ағымына ілесе алады, бірақ денсаулығы, әлеуметтік- материалдық жағдайы, салауаттылығы бірдей емес. Кейбір отбасының әлеуметтік жағдайы нашар, енді бір отбасына «сәтсіз жаңұя» деген айдармен тіркеуде тұрады. Қайсыбіреулері «дөкейдің отбасы», енді біреулері тұрақты тіркеу жоқ, көшіп-қонып жүрген отбасы балалары. Десек те, аталған отбасындағы балалардың барлығы мектеп партасына, мұғалімнің алдына келеді. Жаудыраған жанарларда сан сұраққа толы, бүлдіршін жүрек тап-таза болады. Өмірде педагогтік тәжірибемде көргенімдей, уақыт өте келе кіршіксіз бала әлемінің бұзылуы мүмкін. Оған бірқатар жағдай әсер етеді. Біріншіден, отбасындағы қалыпсыз өмір, тұрақсыздық. Екіншіден, оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кемшіліктер, яғни педагогтардың жеке оқушының мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, талап-тілегін ескермеуі, үшіншіден, қоршаған ортасы, достары болуы мүмкін. Мұндайда педагогикалық қадағалау мен отбасының бірлігі ғана жақсы нәтиже береді. Әр отбасының үміті болған шәкірттерінің жан шырағын жаға білу, нағыз адам етіп тәрбиелеу, жүректеріне ұлт, ел, жер деген киелі ұғымды ұялату – мектеп пен отбасы байланысының жемісі де, мұраты да осы болмақ. Бұл бағытта тек мұғалім мен ата-ананың ғана байланысы емес, бала тәрбиесіне ортақ баршаның бірлігі қажет.

Әлия ЗЕЙНЕЛАЕВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Жамбыл ауданы.

ДЕГЕН ЕКЕН...

БАСКИІМ және БАС



Өте қарапайым киінетін Андерсон әдетте көне баскиіммен көшеге шыға береді екен. Жолда кетіп бара жатқан бір жолдасы:

– Басыңызға не киіп алғансыз. Осы да баскиім болып па? – деп мазақтайды.

Сонда Андерсон:

Баскиімді сіз неге киіп алғансыз. Сол да бас болып па? – деген екен.

ЖАН ӨЛМЕЙДІ

Гогольдің «Өліжандар» романын жазылып біткен соң, қолжазбасын Россияның кітап-журнал тексеру орнына жолдайды. Шығарма атын оқыған тексеруші қатты ызаланып, оны баспадан шығаруға тиым салады. Тіпті: «Кітаптың аты сандырақ өйткені, жан өлмейді», – деп бұрыштама жазады.

«?» пен «!»

Гюго «Аянышты тағдыр» атты романын баспаға жолдап, көпке дейін хабар ала алмайды. Содан редакцияға:

«?» – деп хат жолдайды.

Көп өтпей редакциядан жауап хат келеді Онда:

«!» – деп жазылған.

Хатты ашып көрген жазушы күлімсірей бас изейді. Арада көп өтпей әдебиет саласын дүр сілкіндірген әйгілі еңбек басылып шығады.

ӨЛЕҢ және ӨРТ

Өзін ақын санаған бір жігіт жарамсыз өлеңін Пасколиге (Италия ақыны) ұсынып, төрелік айтуын өтінеді.

Пасколи оған:

Өлеңіңізді дауыстап оқыңыз, – деп тапсырады.

Өлеңін сондай шабытпен оқып шыққан жігіт өзіне сенімді түрде Пасколиге қарайды. Сонда ол:

Өлеңіңізде өрт кемшіл екен, – дейді тосыннан.

Ендеше, азырақ жылу беру керек шығар? – дейді үміттене.

Өлеңіңізді өртей салыңыз, – дейді Пасколи күле жауап беріп.

ЕҢ ТАМАША «ТУЫНДЫ»

Францияның әйгілі жазушысы Әке Дюма тігінші қызбен тұрмыстанып, ұлды болады. Ол – «Гүл таққан келіншек» атты пьессаның авторы Бала Дюма еді. Бала Дюманың осы туындысы 1852 жылы сахналанып, зор дүмпу тудырады. Сонда шетелде жүрген әкесіне:

«Гүл таққан келіншекте» сіздің алғашқы туындыңыз сияқты өте табысты болды, – деп телеграмма жолдайды.

Сонда әкесі.

Менің ең тамаша туындым өзіңсің – аяулы балам, – деп жауап жазады.

КҮЛУ мен ЖЫЛАУ

Рим ақыны Хиластың лирикалық өлеңдері жұрттың ықыласына тез ие болады екен. Біреу одан:

Өлеңіңіз оқырманын қалайша тез баурап алады, – деп сұрайды.

Сонда ақын:

Ең әуелі өзіңіз күле білуіңіз керек. Сонда ғана басқаларды күлдіре аласыз. Сол сияқты жылай білген адам, басқаларды жылата біледі, – деген екен.

КЕДЕЙЛІК пен БАЙЛЫҚ

Италия ханзадасының бір көмекшісі Дантеден:

– Сіз данышпан болғаныңызбен кедейсіз. Ал мен кеще, бойкүйез болсам да қалталымын, мұны қалай түсінесіз, – деп келеке етеді.

Сонда Данте:

Егерде сіз сияқты емес, өзім секілді біреуге кездессем мен де қалталы адам деп есептелер едім, – деп мысқылмен жауап беріпті.

КЕЙІПКЕРМЕН ҰРСЫСУ

Бальзакты іздеп келген бір досы оның үйде әлдекіммен:

– Антұрған, сұмырай, көкеңді көзіңе көрсетемін, бәлем, – деп ұрсысып жатқанын естиді. Үйге кіріп келсе, Бальзактан басқа тірі пенде жоқ. Сөйтсе, ол жазып біткен әңгімесіндегі жағымсыз бір кейіпкердің арсыздығын балағаттап жатыпты.

Ағылшын тілінен аударған
Ершат АНДАС,
Абылайхан атындағы халықаралық
қатынастар және әлем тілдері
университетінің магистранты.

Қаламгер

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Алтын алма, білім ал

«Білім – инемен құдық қазғандай». Осы нақыл сөздің ауқымы өте кең. Білім қай заманда болсын, қай уақытта болсын артық етпейтін байлық. Жылтыраған дүниеге емес, том-том болып жазылған құнды кітаптарға көз қырыңды салсаң, нағыз байлық, таусылмас асыл қазына өзіңе құшақ жайып қарсы алады. Бірақ, сол есікті ашу үшін біраз тер төгіп, еңбек етіуге тиіссің. Ең алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, тарыдай болып кіргенде бойыңа сіңген білімің өмірлік азығың болады. «А» деген әріпті үйреткен ұстазың азықты тауып беруші екінші анаң. «Бір әріп үйреткенге 40 жыл сәлем бер» деген нақыл сөз осыдан қалған. Алғашқы «фундамент» яғни алғашқы білімді санаға жетік сіңірсең құламайтын қамалың зәулім шаһар болары даусыз.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып келді. Отар-отар қойы, үйір-үйір жылқысы кең даланы айнала шауып жүрсе көңілдері тоқ болатын. Баланы оқыту, жарқын болашақтың жарық жұлдызы ету, қараңғылықтың көзін біліммен ашуды көшпелі халық міндетті деп санамаған. Абай Құнанбаев:

«Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», – деп өз заманының тұсында жырлаған. Абай атамыз секілді көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған азаматтардың балалары шамалары келгенше ауыл молдасынан, кейін ірі қалалардан, тіпті шет ел асып білім алып жатты. Солардың арқасында бүгінгі күнге қол жеткіздік.

Бейбіт заманда, Көк Тудың астында қысылмай, қорықпай өмір сүріп келеміз. Алты алашқа ауыз толтыра мақтанарлықтай жағдайымыз бар. Қазіргі таңда білім алып, шет ел асып оқып, ертеңгі елдің болашағы үшін тер төгіп жүрген жастарымыз қаншама. Елбасы Н. Назарбаев: «Жастар – ертеңгі болашақ. Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің елімізді көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер », –деп жастарға, білімге көп көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде, «оқимын, білемін, көремін» деп ұрандаған әр білімгерге өз елімізде де, шет елде де білім алуға есік айқара ашық. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді.1994 жылдан бастап 2004 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Стипендия қызметте табысты өсудің, түлектердің кәсіби мамандануының кепілі іспеттес. Бұның дәлелі ретінде бағдарламаның көптеген түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып, мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. Мемлекет басшысының 2005 жылғы халыққа Жолдауында айтылған «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерінің санын арттыру жөніндегі бастамасын іске асыру мақсатында ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына конкурс өткізуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Сондай-ақ, 2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланды, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария сияқты елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды. 2007 жылы елдер мен ЖОО-лар тізімі толықтырылды. Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы еңбектің жемісі елге, мемлекетке оң нәтиже беріп келеді.

«Ақша – қолдың кірі» . Білім болмай жатып, борпылдаған ақшаға жүгіріп, ақшаның буына мас болып қалудың алдын алуымыз қажет. Баста білім ошағы қайнап тұрса, көкейде, тілімізде сауаттылық сайрап тұрса ақша өзі-ақ өмиян түбінен орын алады. «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргенді тежеп, сапалы білім, саналы тәрбие алып өссек, талай биік шыңдарды бағындырарымыз сөзсіз. Алтын алмай, білім алу керектігін барша жастардың санасына сақтап, құлағына құйып, көкейіне орнықтырып, түзу жол көрсету баршамыздың ортақ міндетіміз. Болашақты баянды ету әр жастың өз қолында. Ертеңгі күнді – бүгіннен бастап ойлағанымыз абзал.

Еңлік САҒЫНДЫҚОВА,
ЖМУ-дің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Шындық пен қалжың

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» – деп, қазақ халқы ежелден әзілге оң көзқарас танытып келген. Рас, ебін тауып досыңа немесе басқа да жақындарыңа қалжыңдап, мәңгі ұмытылмастай етіп көңіл көтергенге не жетсін?! Бірақ қалжыңдаймыз деп, өтірікті судай сапыратынымыз жасырын емес. Бұл қылығымыз дұрыс па? Баршамызға белгілі «1 сәуір – күлкі күні» бар. Осы атаулы күнде барлық адамдар бір-біріне өтірік айтып, алдап, әзілдеп, есін шығарып күлкіден ішек-сілесі қатып жатады және бұл әрекеттер үшін барлығы да бұған кешіріммен қарайды. Керісінше, осыған риза болып, сол алданған адам: «Мен де біреуді алдасам екен» – деп, ынталана түседі. Шыны керек, осы күні біреу шындығын айтып тұрса да не сенеріңді, не сенбесіңді білмей дал боласың.

Деректерге жүгінер болсақ, күлкі күнін тойлау алғаш Франциядан бастау алған деседі. Ежелгі римдіктер «ақымақтар мерекесін» 17 ақпанда атап өткен болса, наурыздың 31-інде «қалжыңдау салты» Шығыс Үндістанда ежелден етек алған екен. Ал Ресейдің Петербор қаласының тұрғындары бірде әдетте өрт шыққанда ұрылатын қатты дабылдан оянады. Әбігерге түскен халық өрт ошағын көре алмайды. Сөйтсе, бұл әзілкештердің ойыны екен. Бұл оқиға «1 сәуір күні» орын алған. Сол кезден бастап бұл ойын халық қолдауына ие болып, күлкі күніне айналады. Күлкі күнінің аталуы мен ерекшелігіне келер болсақ, «Франция, Англия, Америкада бұл – ақымақтар күні, Испанияда – дөкірлер, Үндістанда – тоқылдақ, Жапонияда – қуыршақтар, Шотландияда тепкі күні» деп аталады екен. Бұл күні әркім таныстарының арқасына сездірмей «мені теп» деген жазу іледі де, оны сыртқа күлкіге айналдырады. Сонда бұның несі қызық? Өтірік айтып жалған сөйлеген болсақ, бұл қылығымыз әдетке айналып кетпесіне кім кепіл? Егер де осылай бір-бірімізді алдап, келеке қылып, сырттай мазақтап жатсақ, артымыздан келе жатқан өскелең ұрпаққа не тәрбие бергеніміз? Негізі исламда өтірік айтуға мүлдем жол жоқ. Осы тұрғыда имаммен ой бөлісіп, өтірік айту, қалжыңдауға деген көзқарасын, пікірін білген едім.

Жалпы исламда өтірік айту деген ең ауыр күнәнің бірі. Мұхамед (с.ғ.с) пайғамбарымыз айтады ғой, «бәленің бәрі тілден» деп. Яғни бұл тіл жақсы сөйлесе, шындықты ақиқатты айтса ол іс – қайырлы, ол іс – жақсылыққа жеткізеді. Егер де адам тілімен ғайбат айтса, біреуді сыртынын жамандаса, өтірік айтса, жалған ант берсе, бұның барлығы адамды жаманшылыққа апарады. Демек, құранда да «әрбір сендердің сөздеріңді аңдушы періште бар» деген аят бар. Адамның екі жақ иығында екі періште бар, олар адмның барлық іс-әрекетін, амалын, мейлі ол өтірк айтсын соның барлығын жазып отырады, және бұның барлығы таразыланады. Демек, өтірік айту, біреуді алдау, арбау деген сияқтыларға дінімізде тыйым салынған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бір күні отырған уақытта, бір адам баласын «бері келші мен саған бір дана тәтті тағам беремін» деп, шақырады екен, бала келген кезде өлгі кісі тәттіні балаға береді. Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с) «сен жаңа баланы шақырғанда тәтті нәрсе беремін дедің, егерде сен сол баланы тәтті беремін деп шақырып алып, қасыңа келгеннен кейін, тәттіңді бермейтін болсаң, ол саған қарыз және күнә болып жазылар еді, бірақ сен олай істемедің, уәдеңді орындадың» дейді. Демек, исламда үлкен адамды тұрмақ, санасы жетілмеген сәбиді алдауға болмайды. Егер солай істейтін болса, ол күнә болады.

Ал енді пайғамбарымыздың хадистерінде де, жалпы исламда ойнап, қалжыңдап, көңіл көтеру деген бар. Бірақ біреудің мінін айтып, кемсітіп, өтірік айтып қалжыңдауға болмайды және бұған исламда жол жоқ. Дегенмен, шындықты айтып қалжыңдауға болады. Бұған мысал, бір күні пайғамбарымыз (с.ғ.с) мешітке келеді екен, енді ол кездегі мешіттің жерде құм топырақ болып, қазіргідей төселген кілем деген жоқ болған. Сонда мешітке кіріп келсе хазіреті Али жерде бүркеніп ұйықтап жатыр екен. Пайғамбарымыз қалжыңдап: «Ей, Абу торап түрегел орныңнан, неге жатырсың деген екен». Сонда Али деген жоқ, қалжыңдап Абу торап деді. Яғни, «Абу торап» – топырақтың баласы деген сөз. Топырақтың баласы түрегел орныңнан деді. Неге? Себебі барлығымыз білеміз ғой, адам топырақтан жаратылған, сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с) «топырақтың баласы түрегел орныңнан» деп, хазіреті Алиге шындықты айтып қалжыңдаған екен. Сондықтан исламда көңіл көтеруге, қалжыңдауға, ойнауға болады бірақ, шындықты айтып қана.

Әзіл-қалжыңға қашанда теріс қарамайтын қазақ халқы да бұл күнді ескерусіз қалдырмаған. Қыстың қыспағын, ерте көктемнің алай-дүлей мінезін қалжыңмен жуып-шайғысы келген халық бұл күні бір-бірінің көңілін қалжыңмен көтеруге тырысады. Олай болса қалжыңдайық, күлейік, көңіл көтерейік, бірақ өтірік айтудан аулақ болайық бауырлар.

Данияр САҒЫНДЫҚОВ,
ЖМУ-дің студенті,
«Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

ЖАЗУШЫ КӨЗІМЕН

Ғаламторда Әзілхан Нұршайықов атамыздың «XXI ғасырдың қыздары қандай» деп аталатын сұхбатын оқыдым. Иә, қай газет – журнал бетін ашып қарасаң да, осы тақырыпқа жазылған мақалаларға ұрынасың. Күнделікті өмірде де бұл мәселе алдымнан кесе-көлденең келеді, қасымдағы Гүлназ және Маржан атты құрбыларым да осы тақырыпта қалам тартқан. Олардың «Арың қайда қазақ қызы», – деп бастау алатын мақалаларында өзекті мәселе алға тартылады: шылым шегу, ішімдік, ерте, некесіз жүктілік сынды.

Ғашықтық ғаламаты



Шымбайға батса да шындықтың аты шындық деп қояды олар. Расында да. Бүгінде үлкен ата-әжелеріміздің «қазіргі қыздар осындай, қазіргі қыздар мынандай» деген жаттанды сөздерді көп естиміз. Иә, шынымен – ақ, осы күннің жауыр болған мәселесі осы қаракөз қыздарымыздың төртібі болып отыр. «Қазақтың қызы» деген мағынасы терең тіркес ұмыт болды – ау деп күрсінеді көпшілік. Жоқ ұмытылмады. Тек осы бір сөздің мағынасына өзіміз үңіле алып жатырмыз ба? Жаңа шыққан қызғалдақтай енді гүлдеп келе жатқан қыздарымыз бұл жайттың бәрін білуі тиіс. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші қыз баланың тәрбиесімен сол кезден айналысуымыз керек. Әрбір ата-ана қызым үйде, қылығы түзденің кебін кимес үшін сәби шағынан бастап «сен қазақтың қызысыңды» сіңіріп өсіру керек. Егер жас шыбықты қалай қарай исең, солай өседі демей ме? Сондықтан қаракөз қыздарымызды кінәлай бергенше дұрыс тәрбие, түзу бағыт-бағдар берумен айналысайық. Барлық нәрсенің түп-тамыры тәрбие мен ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсіңге келіп саяды емес пе?! Қазақ халқы ежелден – ақ қыз бала тәрбиесіне аса көңіл бөліп қараған. Қыз баланы бағып-қағып, ибалы, инабатты, көрер көзге көрікті, естіген құлаққа жағымды етіп тәрбиелеу оңай шаруа емес. Осы орайда мына бір мысалды келтіргім келіп отыр, халқымыз: «Жігітті тәрбиелеген – әскерді тәрбиелейді, қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді» дейді және де «Әйелдері тәрбиелі болған халық – тәрбиелі, әйелдері тәрбиесіз болған халық – тәрбиесіз» деген өзбек даналығы тағы бар. Осылайша біз ұлттық тәрбие сынды асыл мұраны әсте естен шығармауымыз керек. Себебі бізде: «Атасы жақсы болса, ұлы көрегенді, анасы жақсы болса, қызы көрегенді» деген сөз бар.

Қазіргі қоғамның санасында қалыптасқан пікірмен қарайтын болсақ, айналамызда жүрген қыз-қырқынның бәрі жаман. Көпке топырақ шашудан аулақ болайық. Біздің заманымызда да Қыз-Жібектер мен Баян-Сұлулар кездеседі. Әр сұлудың өзінің бойынан Қыз-Жібектің кербездігі мен Баян Сұлудың биязылығы табылады. Тек бұлақ көрсең көзін аш дегендей олардың жан сұлулығын бағалап, оған дұрыс бағыт-бағдар беруге тырысайық.

Ақбаян МҰРАТҚЫЗЫ,
ЖМУ-дің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Жүректегі жазулар

Оқушылық дәурен
Оқушылық бұл дәурен,
Қайта келмес өмірге.
Өнер білім тетігін,
Үйрен досым өмірде.

Қаншама адамдар,
Өкініп жүр еткенге.
Оқушылық дәуреннің,
Келмес жерге кеткенге.

Енді оған не шара,
Мәңгі қайтып келмейді.
Өкінсең егер сол кезде,
Қызығын неге көрмейді.

Өмірі ер адамдар,
Асып түсер берінен.
Сусындап ал жас кезде,
Өнер, білім нәрінен.

Аңсадым-ау, ақ дала

Біреу ер деп, біреу ез деп айтады,
Біреу мақтап, біреу даттап жатады.
Енді біреу дәм татырса үйінен,
Ал біреудің ешкіммен жоқ шатағы.

Күрделі екен өмір жолы осындай,
Имай-шимай ізім жатыр қосылмай.
Балалықтың нуы қалған далада,
Келеді әлі сағынышы басылмай.

Ел дегенде, жер дегенде жүрегім,
Алып-ұшып кететінін білемін.
Халқым менің бәйтерегім сүйеуім,
Онсыз қалай бақытты өмір сүремін.

Күркіреген тентек асау-өзенім,
Тіршіліктің жалған жатыр өзегін.
Кешегі өткен бабалар жоқ бұл күнде,
Ұрпақтары жалғап жатыр өзенін.

Аттанып ем ақдаладан кеше күн,
Өмір жайлы көп ойларға көшемін.
Ұлылар бар ұлы таулар мекенім,
Ұлы таудың сырын шертіп өтемін.

Көргенімде төбем көкке жетеді,
Аңсадым-ау ақдаладай мекенді
Түстеріме шежіре айтып кіретін,
Сағынамын қарттарымды кешегі.

Дана ӘБУДӘКІР,
М. Құрманов атындағы
№2 орта мектептің оқушысы.
Көксу ауданы.

ОҚУ – БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

Өркенді ел өрге озады

Дамыған мемлекеттер мен артта қалған мемлекеттер арасындағы айырмашылық – ғылым мен технологияда. Ғылымды игерсек қана мықты мемлекет боламыз. Ол дегеніміз – ғылым жетістіктерін оқу процесінде жылдам және тиімді енгізу, оқу үрдісін ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің барлық түрлерін ұштастыру арқылы кадрлар дайындау. Осы тұрғыдан келгенде І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті сапалы маман даярлауда өлшеусіз белсенділік танытып келеді. Университеттің физика – математика факультеті ашылғаннан бері бірнеше мамандық бойынша мыңнан астам жоғары білімді мамандар дайындап шығарды. Бітірушілердің көпшілігі Талдықорған өңірі мен Алматы облысында, сондай-ақ, республика аймағындағы орта және арнаулы орта оқу орындарында, жоғары оқу орындарында оқытушы болып жұмыс атқарады, сонымен бірге, Талдықорғанның, Астананың, Алматының әр түрлі фирмаларында, есептеу орталықтарында және басқару аппараттарында қызмет істейді. Сол сияқты біздің факультет Қытай, Моңголия және Түркия сияқты алыс және жақын шетелдерге қазіргі нарықтық қатынастарға сай мамандар дайындайды.

Қазіргі кезеңде факультет 5 түрлі мамандық бойынша маман дайындайды. Соның ішінде «математика», «физика», «информатика», «ақпараттық жүйелер» бакалавр мамандықтары және «математика», «информатика» магистратура мамандықтары 2010 жылы еліміздегі педагогикалық мамандықтар арасында бірінші болып Халықаралық аккредиттеу АКВИН (Германия) орталығынан аккредитациядан өтті.

Факультеттің барлық кафедраларында студенттердің ғылыми үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірмедегі студенттердің ғылыми жұмыстары республикалық байқауларға, конференцияларға қатысып, жүлделі орынға ие болып, марапатталуда. Факультетте оқу үрдісінде пайдалынатын жеті физикалық лабораториялық бөлме, бір «Математика және математикалық білім» лабораториясы, бір виртуалды оқыту лабораториялық бөлмесі және бес компьютерлік сынып бар.



Факультет негізінен білім беру жүйесінің мамандарын даярлайтындықтан қала мен облыстың мектептерімен тікелей байланыста. Бұл байланыс – әдетте мектептерде қосымша сабақ беретін, кіші академияның жұмысына қатысатын оқушыларды дайындайтын, ғылыми констультанттар, мектеп мұғалімдерінің кандидаттық диссертацияларына ғылыми жетекші болып істейтін, пәндік олимпиадалардың әділқазылар алқасына мүше болатын, сол сияқты кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізетін мұғалімдер арқылы іске асырылады.

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми зерттеу институты, Қазақстан Республикасының ғылым академиясының институттарымен байланыс дамуда, сол сияқты Иоффе атындағы Россия ғылым академиясының физика техникалық институтымен (Санкт-Петербург қаласы), Россия ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің математика институтымен (Новосібір қаласы) ғылыми байланыс жүзеге асырылуда.

2012 жылдың 28 желтоқсанында Астана қаласында ҚР Білім және Ғылым министрлігінде министр Бақытжан Жұмағұловтың төрағалығымен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2012» атты республикалық байқауының атақ беру жөніндегі қорытынды отырысы өтті. Осыған орай, ағымдағы жылда байқауға республикамыздың 97 жоғары оқу орнынан 500-ден астам өтініш түсіп, іріктеуінің қорытындысы бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иемденуге лайықты республиканың 200 үміткері анықталған. Сол қатарда университеттің физика-математика факультетінің деканы, техника ғылымдарының докторы, Ерлан Андасбаев «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды.

Факультетте «Білімгер» студенттік газетіне әр білімгер өзінің зерттеу мақаласын жаза алады. Жыл сайын факультет университет оқытушылары арасында «Көңілді сайыстар» спорттық жарыстарын өткізіп, мәдени-рухани өмірді байытып отырады. Сондай-ақ, факультетте білімгерлер ақпараттық-музыкалық орталығы жұмыс істейді. Сол арқылы университетте өтетін шаралар, орын алған жаңалықтар хабарландырылып тұрады. Қысқасы, факультетте студенттердің сапалы білім, саналы тәрбие алуына барлық жағдай жасалған. Сондықтан, болашақ білімгерлерге дұрыс та ұтымды білім ошағын және мамандық таңдай білгенде ғана ұтылмайсыз дегенді айтқымыз келеді.

Г. ИСАЕВА,
ЖМУ-дің физика-математика факультеті,
информатика кафедрасының
аға оқытушысы.

Жарық жұлдыз

Қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы жарқын жұлдыздарының бірі – Мағжан Жұмабаев. Мағжан – өзіне дейін де, кейінгіге де ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Ол өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде қабылдайды. Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білу үшін ол, алдымен, не нәрсенің болса да мән-мазмұнын бағдарлап, әрдайым жалпы адамзатқа тән өуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстың ішкі астарына үңіледі. Ақынның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, елжұртының тағдырына бағышталған. Осы тұрғыдан алғанда Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдық мерейтойына орай, сәуірдің 4 күні қаламыздағы М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының ұжымы ұйымдастырған І қалалық «Мағжан оқуларының» алатын орны ерекше. Мектеп-гимназия директоры Шалқар Құдайбергеновтың басқаруымен қалалық деңгейде тұңғыш өткізілген «Мағжан оқулары» байқауы өте жақсы өтті. Қала мектептерінің оқушылары түскен бұл дода ІІІ кезең бойынша өткізілді. Әрбір кезеңнің өзіндік номинациялары да болды.

Үміткерлер «Өлең менің Шолпаным, Айым, Күнім» атты кезеңде ақынның өлеңдерін жатқа оқса, «Толқынмен толқын сырласып...» атты екінші кезеңде ақын шығармалары бойынша зерттеу жұмыстарын қорғады. Ал, «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» деп аталатын үшінші кезеңде қатысушы өздері шығарған өлеңдері бойынша сайысқа түсті. Сондай-ақ бұл кезеңнің шарты бойынша оқушы сол мезетте өзі таңдап алған тақырыпқа қолма-қол 4 жол өлең жолдарын шығару тапсырылды. Осындай кезеңдер бойынша сайысқа түскен қатысушылар өз мектептерінің ең таңдаулылары. Олар ақын өлеңдерін тоқтамай жырлап, шығармашылығын терең зерттеп, ақынға өзіндік бояуларымен жыр шумақтарын арнады. 3 кезең бойынша да жүзден жүйрік шыққан киелі қара шаңырақ шәкірттері болды.

Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілткен, сұлу жырымен оқырманын егілткен, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мұлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. Ол – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжан атамыздың осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жүрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан мәдениеті зор ақын» – деп бағалап кеткендей, Мағжан-ақынның ақыны. Өмірі халық тарихындағы күрделі кезеңмен тұспа-тұс келіп, сол дәуірдің барша қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында бүкіл ғұмырын шындық іздеумен тауысқан, сол тауқыметі мол жылдар тез есейтіп, қиялына қанат, қаламына қайрат бітіріп, қатарға қосқан Мағжан Жұмабаев – «қазақ халқының ұлттық ұлы ақыны». «Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ өлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. Қазақ әдебиетінің көгіндегі XX ғасырдың басында жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі, текті ақыны. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегендей, Мағжан атамыздың мұрасы мәңгі қазақ жадында сақталары сөзсіз.

Назым МЫҢБАЕВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің 4-курс студенті.

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Ауылым

Сағындым ауылдағы өзенімді,
Туған жерді ерекше даралаған.
Сол сағыныш өртейді өзегімді,
Алмастырмас ауылды қала маған.

Туылдым Жетісудың бауырында,
Көкімжан Қазыбаев ауылында.
Өскен өлкем аталатын Бақалы,
Ұмытпаймын боранын, дауылында.

Мектебім

Алтын ұя Мағжан атты мектебім,
Осы жерден бастау алдым көктедім.
Келешегім өзіңменен өркенді,
Жырға оранып өрледі өткенім.

Өрге бастар – ақыл, білім ордасы,
Оқулықтар әр баланың жолдасы.
Ықыласпен жақсы оқып бітірсең,
Боларсың сен көш бастайтын жол басы.

Тайсалмайды қиындықтан бұл жастар,
Шақырады биіктерге бізді асқар.
Өнер – ғылым теңізіне жол салып,
Ақылды ұрпақ боламыз нық із тастар.

Жетісу

Жетісу табиғаты нұрланатын,
Ақындардың жырымен жырланатын.
Жетісуым қасиетті мекенім,
Өмір бойы сені аялап өтемін.

Жетісуым табиғаттың тірегі,
Керемет жеті өзеннің жүрегі.
Сол көрікті өзендерім тамаша,
Табиғатпен сырласады жараса.

Жаздыгүні жұлдыз болып жарқырап,
Толқындатып ағады өзен сарқырап.
Жерұйығым Жетісуым ғаламат,
Жер жаннаты – Жетісу бұл ақиқат.

Жетісуым сүйемін ғой өзіңді,
Жырға қосып өзенің мен көлінді.
Сүйем сені бар жанымменен,төніммен,
Шырқатамын бүлбүл құстың өнімен.



Жаман бала

Күн шығып, тағы да бір таң атты.
Жалқау бала қарамады сабақты.
Мектебіне ілбіп басып аттанды,
Жиып алып ойнайтын көп жарақты.

Келді, міне, мектепке бос сөмкемен,
Көкірегін басқа қызық ертеген.
Үстеліне тығып алып қуыршақ,
Ойынға да кірісті ол ертемен.

Не боп жатыр айналада ұқпайды,
Алдындағы мұғалімнен ықпайды.
Қашан құмар қанғанынша кеңкелес,
Сол қызықтан ұзап алыс шықпайды.

Ойын буып санасын да миында,
Сабақты да ұмытады шынында.
Күнде алады үштік баға бірақ ол,
Бұл ұятты теңгермейді бұйымға.

Тағы да оның ойлайтыны ерте-кеш,
Алсам дейді удай қымбат мерседес.
Бос қиялға берілгенше сабағын,
Оқысашы беспен күнде кеңкелес.

Рахат РАХИМЖАНОВ,
М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп –гимназиясының оқушысы, жас саясаткерлер мектебінің тыңдаушысы, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

Қаламгер

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

Қоғам фобиясы

Қоғам үздіксіз дамитын жүйе. Адамзат үнемі қоғаммен тығыз байланыста болады. Сол себепті мамлекеттің басты қазынасы – адам. Ғұлама ғалым, бірінші ұстаз Аристотель: «Адам – саяси жануар» деп айтқан. Адамның жан-жануардан тек бір ғана айырмашылығы бар, ол – сана-сезім.

Барлап қарасақ, қоғамдағы қорқынышты, жантүршігерлік жайттардың бәрі де адам қолымен атқарылып жатқан жоқ па? Ата-апаларымыз «Заманыңа қарай бөркіңді ки», – деп текке айтпаса керек. Жер шарының картасына көз жүгіртер болсақ, Еуропаның кіндігінен ұлан-ғайыр, сар даланы алып жатқан Қазақстан Республикасын көреміз. Осыншама, кең байтақ жерде өмір сүріп жатқан елде арман бар ма, сірә?! Көңілі дархан, аққөңіл, қонақ десе ішкен асын жерге қоятын, «қазақ» деген батыр, мықты, данышпан халыққа қарап мәз болып, шаттанып қаласың. Әр жақсылықтың түбіне үңіле қарасаң, аюдың апанындай көңілге қаяу салатын теріс түстарды байқайсың. «Заманына қарап адамы», – деп жатамыз, жоқ заман өзгермеген, адам өзгерген. Бұл, адамдар өздерін қорғап алу үшін айтылатын таусылмайтын сылтаулары. Қазақ қазақ болғалы қызғаншықтық, көреалмаушылық, іштарлық деген сияқты жағымсыз қасиеттер бойларына байланып, қандарына сіңіп, саналарынан сақталып қалған. «Бір қарын майды, бір құмалақ шірітеді» дегеннің кезі келіп отыр. Қазақтың бойына дарыған асыл қасиеттерді басып-жаншып тастап отырған қазіргі таңдағы теріс қылықтардың өршуі.

Газет-журналдарды парақтасақ, теледидарға көз салсақ, радиоға құлақ түрсек айтылатын, жазылатын мәселелер – түнгі көбелектердің көбеюі, жезөкше қыздардың көп сұранысқа ие болуы, өрімдей жастардың өмірін құртқан педофильдер, сәбилерін әр ұяға тастап кетіп жатқан көкек аналар, бала сатуды бизнеске айналдырып жатқан дәрігерлер жайлы ақпарды ести-ести құлақ етіміз үйреніп қалған. «Ондайдан құдай сақтасын», – дейміз де жүре береміз. Бұл келеңсіздіктердің алдын алып жатса да жоғалатын түрі жоқ. Есесіне, күн өткен сайын тіпті сағат сайын көбейіп келеді. Аталған сұмдықтарды өзіміздің қолымызбен істеп жатқанымызға сенгіміз келмейді. Бірақ, бұл жайттар жалған емес, ащы шындық.

Айта кетер жайт, қасиетті деп қадірлейтін басқа-басқа исі қазақ жұртына сіңген иманды қала Түркістанда имансыздықтың буы бұрқырап тұр. 2-8 жас аралығындағы қаршадай бүлдіршіндердің өмірін өксітіп, педофильдер қиянат жасап жатса, Оңтүстік Қазақстанның Сайрам ауданындағы мешіт имамы 12 жастағы қызды зорламақ болғанын естіп отырған дүйім жұрт «Киелі, қасиетті деп санаған бұл аймақта осындай жайттар орын алса, басқа аймақта не болмақ?» – деп үрейленуде.

Бүкіл қоғамды дүрліктірген, жүрекке ине сұққандай шымырлатқан тағы бір фобия – көкек аналар. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сенсек, жылына 10 мыңға жуық қыз бала жүкті болып, олардың 6 мыңы дәріхана сөресінде кітапша тізіліп тұрған дәрі-дәрмектермен немесе медициналық көмекке жүгініп жасанды түсік жасатуға бел буады екен. Ең сорақысы, бұл қыздардың 90 пайызының жасы 15-ке толмаған. Заң бойынша баласын тастаған ана 100 айлық есептік көрсеткішке (1 АЕК 1618 теңгеге тең) дейін айыппұл төлеп, қоғамдық жұмыстарға тартылып немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айырылатын көрінеді. Біздіңше, өз жатырына біткен шарана көзін біржола жоюға әрекет еткен қанпезер, безбүйрек аналар үшін бұл да аздық етеді. Ең бір жаныңа бататыны, осындай «көкек» аналардың кесірінен көздері жөудіреген жетімдеріміздің саны артып барады. Бізде перзентханалардан көрі жетімдер үйі көбеюде . Бүгінде елімізде 154 балалар үйі бар. Ал жетімдеріміздің саны 100 мыңға жуықтап қалған. Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған ел бола тұра бұл жағына келгенде кірерге тесік таппай, ұялмыз. Қыздарымыздың алды белшесінен батпаққа батып жатқанда, артындағы көш содан жиренер ма екен, өлде арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе арты да сол ізбен бет алар ма? Байлығын қорасындағы малымен емес, бауырындағы баласымен өлшеген қазақтың мұнша күй кешердей басына не күн туды? Бұл да адам қолымен жасалған қоғам фобиясы.

Қала көшелерінде бой жазып, серуен құрып жүрсең, аттап баса қалсаң кафе, бар, түнгі клубтан көз ала алмайсың. Солардың бәрі – пайда табу көздері. Ол біреулер үшін бизнес болса, содан тапқан қаражатты күнкөріске, шет ел асып қыдыруға, демалуға пайдаланса, бірі одан жапа шегуде. Шылымның түтінін жұтып, ішімдіктің иісін масаттана иіскеп, «өмір» деген үлкен майданның ортасы екенін, титтей шалыс бассаң, оқ тиіп жаралanатынын, жауымен шайқаспаса мерт боларын түсіне алмай жүрген балғын жастар. Түнгі клуб ішіндегі темір таяқшаларға асылып, денесін ашып, ұятты жерлеріне ақша қыстырып, пайда тауып жүргендерде, көше жағаларында өздерін жарнамалап, сатып тұрған жеңіл-жүрісті қыздарымыз да өз ішімізді жарып шыққан шұбар жылandар. Бейресми мәліметтерге қарайтын болсақ, Қазақстанда 12-13 мыңнан астам жезөкше бар екен. Жалпы тан сататындардың жалпы саны 19 – 35 жас аралығында. Қазақстан аумағында түнгі көбелектердің ең көп тараған ордасы – Алматы болса, екінші орында Астана, үшінші орында Оңтүстік Қазақстан, төртінші орында Батыс Қазақстан мен Алматы облыстары еншілейді екен. Ұсталып жатқан жезөкшелердің айтар мұңы, дауы бір: «Балам бар, соны асырау үшін, амалсыздан осы іске бет бұрдым », – деп көздеріне жас алып, ақталады. Құдай-ау, түнгі қаланың жеңілтек көбелегі болған, көше бойын жағалап жүріп төнін сатқан, көрінгеннің құзырында сағаттық қана меншігі болған анадан алар қандай тәлім-тәрбие бар. Жезөкше ана ертеңгі болашақтың биік бәйтерегіне өрмелеп шығатын жауыз құртты өсіріп шығарары сөзсіз.

Өз қолыңды өзің шаппайсың. Оқисың, көресің, естисің де: «Ой, сұмдық-ай!» – деп терең күрсінесің де, тынасың. Болмаса ашынған соң, өзегіңді өртеп, сай-сүйекті шымырлатып, тамырдан ағып жатқан қаныңды қайнатқан соң, жан айқайыңды газетке жазып, көпшілікпен бөлісіп, шеріңді тарқатып, аз да болса жеңілдеп қаласың. Ертеңгі күнді бүгін ойлағанымыз абзал. «Жаспыз, жас кезде бәрін көру керек»,-деген ойды жүйелі түрде қолданғанымыз жөн болар. Осы тұста Абай атамыз: «Жас ұрпақтың психологиялық ерекшеліктеріне айрықша зейін қойса, тәрбие арқылы олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуға болады»,-деген нақыл сөзі еріксіз ойға оралады. Олай болса, сіз-біз болып «фобиялардың» көзін жоюға атсалысайық. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бірлігі жарасқан, қазаны біте қайнасқан, мықты рухты батырлардың ұрпағы екенін дәлелдейік, ағайын!

Еңлік САҒЫНДЫҚОВА,
ЖМУ-дің студенті,
«Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Адамдық болмыс

Мынау жалған фәниде, жалғыз өзім қалғандай,
Баз кештім мен өмірден, сорлы болып сормандай.
Неге сонша сынадың аспандағы тәңірім?
Арманыма ұмтылдым сол ма менің бар мінім?!

Жолықтырдың сен мені сан мың түрлі сынаққа,
Қашан жетем ей аллам бақыт деген тұраққа?
Кеткендеймін мен бүгін түсіп нағыз тозаққа,
Жауап таппай дал болып күрмеуі көп сұраққа, –

Деп өз арман мақсаттарына жету жолындағы сынақтарды жеңудің амалдарын іздеген жандар мына бүгінгі біздің қоғамда қаншама мың десеңізші?! Тек бақ, байлық, бақытқа жету жолы әдетте өте ауыр болатыны ақиқат. Сол себепті алға ұмтылған адамдардың бірлері бар қиындықты көтеріп жақсы өмірге қол жеткізіп жатса енді біреулерінің тауы шағылып алдағы жоспарларынан бас тартып өмірлерінен түңіліп жататыны белгілі. Ал осы кез келген азаматтың алдағы мұртына жете алмауына психологиялық тұрғыдан сан мың түрлі факторлар әсер ететін көрінеді. Осы аталмыш факторларды дәлірек айтқанда психологиялық проблемаларды жеңілдетіп адамды табысты жан болуға үгіттейтін шетелдіктердің көптеген еңбектері бар олардың денін әлемге әйгілі табысты барлығына қолы жетіп жалғанды жалпағынан басқан бай зиялы азаматтар жазған солардың бірі Билл Ньюмен. Ол өзінің «Табысқа деген он қадам» атты еңбегінде адамның бақытқа жетуінің он қадамын айқын көрсеткен олар мынадай екен:

Өз ойыңды өзің билей біл. (Адамдар өз ойларына қарай өзгеретін көрінеді).

Өз алдыңызға нақты мақсаттар қоя біліңіз. (Сіз не жеңілпазсыз немесе жай ойыншысыз).

Өз сөзіңізді басқара біліңіз. (Сіздің сөздеріңіз ойыңызға және сіздің айналаңыздағы адамдарға әсер етеді, сол себепті әрқашан жақсылық айтқаныңыз жөн).

Жауапкершілікті болыңыз, қандай шаруа болмасын ұзаққа созбаңыз.

Қиындықты және қайғыны жеңе біліңіз түймедейден түйедей жасамаңыз.

Жауапты табысты адамдармен араласып үйреніңіз себебі уақыт өте сіз соларға ұқсай бастайтын боласыз.

Аспай-саспай баппен әрекет етіп үйреніңіз әрқашан тапсырылғаннан артық қалай жасауға болатындығы жөнінде ойланыңыз.

Сізден күткен нәтижеден артық жасауға тырысыңыз артық бір қадам жасағанға ерінбеңіз жақсы мен өте жақсының арасы аз ғана екенін қаперіңізде ұстаңыз.

Бірбеткей болып үйреніңіз әрдайым берілуге ерте екенін естен шығармаңыз .

Өз жұмысыңызға жаныңызбен беріліңіз егер өз ісіңізге жан дүниеңізді арнамасаңыз ешуақытта жетістікке жетпейтініңізді ұмытпағайсыз.

Осы жоғарыда көрсетілген қағидаларды ұстанып өз арманындағы өмірге қол жеткізген біршама белгілі, табысты адамдар бар. Сол себепті әрқашан берілуге ертерек екендігін ұмытпай, алға ұмтылыңыз себебі, бұл өмірде қандай жағдай болмасын тек өзіңізге байланысты себебі, сіз өз өміріңіздің сценарийінің авторы болып табыласыз.

Сабина КАЛИБЕКОВА,
ЖМУ-дің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

ПАРЫЗ

Қарттарым аман-саумысың

Бүгінгі күндегі қарттар қандай күйде ? Қарттар үйі қанша Қазақстанда? Өзекті мәселе болып тұр. Әрине, ақ жаулықты аналар мен әкелеріміздің қарттар үйін жағалауына не себеп болуда? Қоғамның неге кемшілігі дейміз? Осы сұраққа жауап іздеп көрейік.

Әрбір адамға өз әке-шешесінен жақын адам жоқ. Өкінішке қарай, өзін мына жарық дүниеге әкеліп, ақ сүтімен емізіп, төрт ұйқысын төрт бөліп, сәбиін тербетіп, таң атқызған анасын, мойнына мінгізіп еркелетіп, баласының бақыты, игілігі үшін бар күш-қуатын арнаған әкесін ұмытып, қартайған шағында өмір төлкегіне лақтырып кеткен қатыгез балалар да арамызда жетерлік. Иә, оларды адамгершіліктен жұрдай, жүрегі жоқ пенделер демеске амалың жоқ. Алғашында қарттар үйі КСРО тұсында, яғни, 20 ғасырдың 50 – 60-жылдарында құрылып, ауқаты төмен, еңбекке жарамсыз азаматтардың тұрмыс деңгейін қолдау мақсатымен жұмыс істей бастады. Қазіргі кезде Қарттар үйі мемлекеттік бюджет, мемлекеттік қамсыздандыруға алынған адамдардың зейнетақысы, заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылық жарналары, Қызыл Крест пен Жарты Ай желісі бойынша көрсетілген ізгілік көмек, трансферт, жекеше құрылымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылады. Оған азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек, қызметкерлердің айлығы – барлығы осыған кіреді. Бұрын 3 мезгіл тамақ берілсе, қазіргі таңда 4 мезгіл тамақ беріледі. Ал қарттар үйіне шын жүрегімен көмектессек деп келетін қалталы азаматтар сирек екен. Тіпті қалталы азаматтар өзі олардың көпшілігіне жылына келетін құрбан айтта немесе «Қарттар күніне» келіп, малын әкеліп берумен шектеледі екен.

Қазақстанда 67 қарттар үйінде 12 мың қартымыз жатыр. Елімізде ежелде қазақ «қазына» деп есептеген қарияларымыздың көпшілігі қалған аз ғана өмірін қарттар үйінде өткізуде. Бұл жанды тітіркендірер, жүректі ауыртар жаман үрдіс ежелде қазақта, түркі халықтарында болмаған. Мұнда орыс, қазақ, татар, ұйғыр, әзірбайжан, украин, кәріс, беларус, неміс, грузин, молдаван, мордова, еврей өкілдері де бар. Негізінде көпшілігі орыс ұлты. Жылына бір қарттар үйінің өзінде 60 – 70 адам қайтыс болады екен. Өлер шағым келді, асарымды асап, жасарымды жасадым бар қызықты балаларым көрсін деп дұға ететін, апа-аталарымыз төрт қабырғаға қамалып отырса да безбүйрек балаларының қамын жеп, солар үшін уайымдайтыны көп көрінеді. Қанша айтсақ та баласы бауыр еті жаман дегенге қимайды ғой. Баласын күтіп терезеге телмірпей әке-шешеміздің қадірін біліп, өлер шағын немересінің қызығын көріп, адамзат баласына мейірім беріп, қарттарымызға әдемі қартаюды алла нәсіп етсін.

Маржан ЖҰМАБЕК,
ЖМУ-дің студенті, «Журналист мамандығын оқитын студенттер мен БАҚ қарым-қатынасы» ғылыми жобасына қатысушы.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Патриоттық тәрбие бастауы

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарқын болашақты айқындап берді. Осы тұрғыда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, патриоттық тәрбие беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде патриоттық тәрбие беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр.

Жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында іс-шараларды ұйымдастыруда студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылатын студенттік жастар кеңесінің алатын орны ерекше. Студенттік жастар кеңесі құрылуының тиімділігі – білімгер жастардың тұлға ретінде қалыптасуына жол ашу, инновациялық жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерген, бүгінгі заман талабына сай эрудициясы мен интеллектісі жоғары азамат пен азаматшаларды патриоттыққа тәрбиелеу. Бұл комитеттің құрамында әр факультеттен белсенді жастар бар. Комитет ішінде жастар ұйымдары мен клубтар бар. Олардың қатарында «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл ел» еңбек жасақтары, «Қазақстан студенттер Альянсы» жастар қоғамдық бірлестіктері, «Эрудит», «Ғылыми ізденушілер», «Қыз қылығымен», «Қызғалдақ» қыздар, «Ілияс» пікір-сайыс, клубы, «Жас саясаткер», «Жас турист», Көңілді талқылар» , «Ілияс ізбасарлары», «Қызықты психология», «Жас журналист» сынды клубтары, «Жас түлек» студенттік театры жұмыс істеуде. Бүгінде оның құрамындағы студенттердің қатары көбеюде.

Елбасымыздың биылғы Жолдауының ерекшелігі – Стратегиялық даму жолымыз 2050 жылға дейін анықталды. Біздің басты мақсатымыз делінген Жолдауда 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. «Бұл үшін елімізде барлық мүмкіндіктер: ресурстар, білімді адамдар, жұдырықтай ұлт бар», - деді Қазақстан Республикасының Президенті. Бүгіннің биігінен қарап, 20 жыл ішінде жеткен жетістіктерімізді сараласақ, Қазақстан-2030 Стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды, қалғандары орындалу үстінде. Ең бастысы егеменді ел болып, етек-жеңімізді жинадық, өл-ауқатымыз жақсарды. Әлем елдері мойындаған мемлекетке айналдық, халықтар достығы мен саяси тұрақтылығы берік ел атандық. Ендігі жол – өсу жолы, алдымызға айқын мақсаттар қойып, болашаққа сенімmen қарау, экономикасы дамыған, жаһандану кезеңінде кез-келген қауіп-қатерге төтеп бере алатын, алпауыт мемлекеттердің қатарына ену.

Т. МУСИНА,
ЖМУ-дің тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім бастығы.

СЕМЕЙДЕН КЕЛГЕН ХАТ

ПАЙДАНЫҢ КӨЗІ МЕ, АЙЛАНЫҢ ӨЗІ МЕ?

Нарық көшіне ілесу үшін жан-жақтылықтың қажет екені рас. «Заманына қарай адамы» демекші, біраз уақыттан бері күллі адамзат жаңа технология тілінде сөйлейтін болды. Адам үйреніп болғанша, ол технология да жаңарып отыратынына не дерсің? Ілесе алмайсың да. Бүгінде «интернет арқылы сауда жасап, ақша табу» деген үрдіс қалыптасты. Сенімділігі қаншалықты екенін білмеймін, әйтеуір жарнамасы керемет. Тегін үйретеді де. Ғаламторсыз жұмыс бітпейді бүгінде. Ол жоқта қол-аяқ байланып қалатын сияқты. Қазір жасеспірімдер де, жастар мен жасампаздар да ғаламторға тәуелді. Ал желілік маркетинг хақында айтылар сөз мүлде бөлек болмақ.

Сананы қаражат билеген заманда халыққа оңай ақша табудың тура жолын нұсқап, алдап-арбау арқылы желілік маркетингтің қақпанына түсіру бүгінде үйреншікті дүниеге айналып бара жатыр. Аялдамалардан, хабарландыру беттерінен «Жұмыс» деген сөзді байқап, көрсетілген телефондарға хабарласқандардың көбі осы сынды маркетингтің торына түсетіні жиі кездеседі. Әсіресе, студенттер, табыс көзін іздеген жандардың көбі дерлік қарсы жақтың соншалықты сенімді сөзіне әрі жарқыраған көзіне иланып, қалай келісіп қоятынын өздері де сезбей қалуда. Бұрындары шетелде дамыған бұл кәсіп бүгінде еліміздің түпкір-түпкірінде етек жайып келеді, тіпті бір емес бірнешеуі бар. Берінің де үәжі бір: негізгі жұмысқа кедергі етпейді, алғашқы жарнаны саласыз, компания өнімін сатасыз, қоластыңа адамдар жинайсыз. Бұл бизнес, осындай кәсіпті нәсіп етсеңіздер, пайдаға кенелесіз-мыс. Жас келсе демекші, студент жастардың сабақтан тыс уақытын тиімді өткізіп, қаржы табуға бұл таптырмайтын ұсыныс екені даусыз. Сіз білесіз бе? Желілік компанияларға дәл осын-дай бойында күші тасып тұрған, белсенді әрі ақылына көркі сай жастар керек-ақ. «Oriflame», «Mary Kay», «Faberlic», «Avon», «Q-net», «Алоэ Вера», «Эмвей» сынды косметика өнімдерін саудалайтын компания қызметкерлерінің түр-елпеті келісті болып тұрса, кімге жаман. Ал желілік маркетингтің «жылуына бөленіп, барлық мәселесінен құтылған» жандардың өмірлік мысалы кімді де болса тәнті етпей қоймайды. Бір өкінтерлігі, желіккен маркетинг «өкілдері», яғни дәл қазіргі мысалда студенттер «қаржылық пирамида» құру жолында оқуларын құрбан етеді. Өнімді саудалау үшін табан тоздыру, таныс-маныстың түгелін желіге тарту, жол шығыны, бәрі-бәрі адамды қажытады, алайда үміт соңында өледі. Жылт еткен жақсылықтың соңынан қуып, қалай мертіккендерін өздері де білмей жатады сосын. Жақында поездбен Семейден – Аягөзге жолаушылап бара жатқан болатынмын, көрші орынға бір толықша келген жігіт жайғасты. Жанымызда тағы бір егделеу әйел отырды, ол немересімен Алматыға бағыт алған. Барлығымыз қызу әңгімеге кірісіп кеттік. Әлгі жігіттің есімі Санат екен. Ол бір бизнесті қолға алғанын, Семейде туыс, достарын тартып, кеңсе ашқанын, енді бұл сала кеңжелеп қалған Ресей жеріне барып, дамытуды көздеп отырғанын сөз етті. Оны досы «тартыпты», ол өзінен, өзі-нен бұрын жинап алыпты мақтайын-ша. Белгібай мың теңгені салған, болды. Осылай команда жинаған, енді жарты жылдан кейін оның өмірі 100 пайызға өзгереді екен-мыс. Қандай арнаға өзгереді, ол мен үшін беймәлім. Санаттың айтуынша, бұл бизнес үрлақтан-үрлаққа тарайды екен, өте сенімді, айтпесе ол туыстарының қаржысын басқа қояр ма еді? Мен де қызығушылық танытқандай кейіп танытып, қандай желі екенін сұрап білдім. «Q-net» екен. Бұл бизнеске ғашық болғаны сонша, ол мені де желіктіргісі келді білемін. Бірақ мен мұндай ойынға араласпайтынымды үзілді-кесілді айтып жеткіздім. «Ойлан-ойлан» деп қалған азаматтың қазіргі күйі қандай екен, сол мені алаңдатуда. Жұмысқа келсем, әріптесім «Mary Kay» компаниясының өнімдерін саудалайтын болыпты. Маған қатарына қосылуға үгіттегеніне бірнеше айдың жүзі болды. Сауда жасау қолымнан келмейтінін алға тартып мен жүрмін. Олар менің көзбе-көз, жүзбе-жүз, бетпе-бет көрген «міндетті түрде көмектесуші-лерім». Енді агент арқылы достық жіберіп, өздерінің бизнестерін паш етіп жүргендер шыға бастады. Қазіргі таңда достарымыздың үйіне қонаққа баруға да қорқатын болдық. Себебі, шай-пайымен ауқаттандырып алып, желілік маркетинг өнімдерінен құралған музей-бөлмеге кіргізіп, жегенінді желкеңнен шығарар жарнамаларын бастайды-ау келіп. Бұған қарағанда желіктірген желілердің жетегінде нәпақасын тауып жүргендер де жетерлік екенін түсіну қиын емес. Алайда, өз күштерін асыра бағалап, қолынан келмейтін дүниемен шұғылдануға тәуекел еткендердің дені бары мен нарынан айырылып жатыр. Ақша бізді емес, біз ақшаны іздейтін бұл заманда осылайша, күйзеліске түсіп кету қаупі бар. Оның соны қайда апаратынын ойлаудың өзі қорқынышты. Сөздің жілігін жеп, майын ішкендер, айтқанына көндіре алатын қасиеттері бар «психолог» адамдарға қалай ілесіп кете барғанымызды білмей қалып жатамыз кейде. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегендей қаржыдан қысылып жүргендер үшін мұндай тиімді жұмыс артық етпейді, келіседі. Маңағы желіктіргіштердің біріне «егер күллі адамзат осындай оңай ақша жолында мемлекеттік жұмыстарын тастап кетіп жатса, дәрігер, мұғалімдер, т.б. міндетін кім атқарады, онсыз да сапасыз білімді мамандар қаптап кеткен бұл заманда желілік маркетингтің кесірі жағдайды ушықтырмай ма?» деп сауал қойған едім. «Қосымша табыс көзі ретінде де жұмыс істей беруге болады бұл компанияда» – дейді өз дегенінен айнымай, – «былай ойлап қарасаңыз миллиондаған қаржы кіріс кіргізсе, адамға мемлекеттік қызметтің керегі не?». Бәріміз де ақшаның соңынан қуып кетсек, ертеңіміз не болады? Әлде байлар ауырмай ма, оларға білім керек емес пе? Үрлаққа бабалар мұрасын насихат етіп, шынайы рухани мирас қалдырғанның орнына, жалған сөз, қу дүниенің соңынан қууға шақыратын бұл ойыннан бас тартқан дұрыс сияқты. Мені ойландырғаны, аталмыш желілік бизнестер заңдастырылған екен. ҚР Үкіметінің 2005 жылы «Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, пошта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауда ережесін бекіту туралы» қаулысы шыққанына қайран қалдым. Демек, желілік бизнесмендер жеке кәсіпкерлер болып саналады. Өтірік айту, біреуді қаламайтын ісіне мәжбүрлеу заңға қайшы дүние болғанымен, жағдай осылай екен. «Сауда сақал сипағанша» – дейді, ынта-шынтасымен беріліп, жан-тәнімен кіріскен жұмыс әрине, нәтижесін берері сөзсіз. Бірақ елуде біреуге ғана бұйырады бұл бақ. Көп жандар шыдас бермей жарты жолдан шығып қалады. Қалай дегенмен, қарабастың қамын жемей елдің мүддесіне, мемлекет ертеңіне жұмсаса бұл күшті игі еді.

Қаржылай тәуелсіз, көп күш жұмсамай байып отырғандардың өзімшіл болып келетінін де көріп жүрміз. Желілік маркетинг – қоғам дерті. Өзгелер үшін уайымдап, жанашырлық танытып, оның бай-қуатты болуына соншалық жәрдемшіл болғысы келетін, достарымыздың танымайтын жандарға да солай қолдау көрсетіп жатқанын көреміз. Не үшін? Кім үшін? Неге? Сізді ойландырды ма? Жоғарыдағы адамның «астына» жаңа адам кірген сайын оның кірісі де молайып, дәрежесі де өсетіні анық. Желіктірген желілік маркетингтің жетегінен сақтасын. Ойланайық ағайын!

Мерей МҰРАТХАНҚЫЗЫ.

ӘДЕБИЕТ – АРДЫҢ ІСІ

Проза жанрының атасы

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы — Мұхтар Әуезов. Ол — қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман-эпопеяның авторы, шын мәніндегі тұңғыш драмалық шығарма жазушы, әлем әдебиетінің классикалық туындыларын қазақ тілінде сөйлетуші. Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға.

Мұхтар Әуезовтің алғашқы шығармашыларының көлемдісі де, көркемі де прозалық әңгіме, повест түрлерінде жасалды. Жиырмасыншы жылдардың бас кезі мен орта шенінде көптеген әңгімелер ("Қорғансыздың күні", "Жетім", "Жуандық", "Ескілік көленкесінде", "Кім кінәлі", "Бартыма" т. б.) жазып, оларда ескі қазақ ауылының алуан түрлі әлеуметтік шындығын реалистік дәстүрде бейнелейді.

"Қорғансыздың күні" (1921) – жазушының алғашқы жарық көрген әңгімесі. Мұнда Ғазиза деген панасыз жетім қыздың адам айтқысыз қорлық, қорлыққа шыдамай, боранға ұрынып өлгені айтылған. Бұл шығармада Ақан сияқты қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленеді. "Жетім" деген әңгімеде Қасым атты жетім баланың қасіретті тағдырлық шағы, Иса деген жамағайынның қорлығына шыдамай, ауылдан қашып шыққан бетінде, қараңғы түнде, тоғай ішінде өлгені айтылады.Өмірден зәбір көргендердің мұңы мен наласын үлкен әлеуметтік толғақты мәселе ретінде сипаттау сыншыл реализмнің негізгі белгісі еді. "Ескілік көленкесінде" ескі салт бойынша өлген апасының орнына көрі жездесіне тоқалдыққа баруға ризалық білдірген, өзін сүйген жігіт Қабыштың тілегімен есептеспеген Жәмеш деген қыздың халі әңгімеленген. Мұхтар Әуезов өмір қайшылықтары мен теңсіздіктерін әр қырынан көрсету арқылы қазақ әдебиетінде психологиялық прозаның үлгілерін тудырды. "Жуандық" (1926) әңгімесінде момын кедей Жақсылықтың өз жолын тауып, ерікті, баянды өмір жасауға ұмтылғаны, бірақ бұрыннан кедей - кемтарды ұсында ұстап, тізе батырып үйренген Әбіш, Құрман секілді байлардың оған қиянат, зорлық жасағаны көрсетіледі.

Мұхтар Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы шығармашылығындағы негізгі тақырыптың бірі - әйел теңдігі. Шығармаларында өмір шындығына берік табан тіреп отыратын жазушы сол кезеңдегі қазақ әйелінің басындағы хал – ахуалды асырмай да, жасырмай да, қаз қалпында көрсетеді. Бірде жазушы ата – анасының еркімен күйеуге шығып, тағдырына мойын ұсынған әйел тарихын ("Сөніп – жану") әңгімелесе, екінші шығармасында сүйгеніне қосыла алмай, құсадан өлген Ғазиза ("Кім кінәлі") жайын сөз етеді. Тағы бірде ("Үйлену") өке өміріне көнбей, көңілі сүйген жігітімен қашып кеткен қыз хикаясына тоқталады.

"Қараш – қараш оқиғасы" төңкеріс қарсаңындағы қазақ қоғамының шындығынан туған, ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік тәрізді өткір тартысқа құрылған. Мұнда да 20 жылдардың әңгімелеріндегідей дала билеушілерінің заңсыз жуандығы – байлардың кедейлерге жасар өктемдігі, зорлығы, кедейлердің байлардан көрер қиянаты, қорлығы сөз болады. Бірақ повестің бас кейіпкері Бақтығұлдың ісі мен мінезі өзіне дейінгі өзі секілділерден өзгеше. Бұл – олар секілді өз тағдырының құлы емес, қожасы болуға ұмтылған адам. "Қилы заман" повесінде 1916 жылғы үлт – азаттық қозғалыстың барысы, әділетсіздікке төзбей, ел бастап шыққан ерлердің бейнесі көрсетілген. Мұхтар Әуезов бейбіт жатқан Албан руының 1916 жылғы маусым жарлығының зіл салмағынан іште тұншығып жатқан кегі оянып, дүр сілкініп, айбарлы күшке айналғанын өмір шындығына сәйкес суреттеген. Өз жерінен, малына иеліктен айырылған, патша өкімдерінің, қазақтың өз ішінен шыққан обыр болыс, парақор би, жебір тілмаштардың қиянатынан ығыр болған халықтың еріксіз халі бірде кейіпкер сөзімен, кейде авторлық баяндау үстінде айқындалады.

"Абай жолы" – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман – эпопея. "Абай жолында" өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының шындығы мейлінше кең көрсетілді, қаһармандардың жеке өмірі халық тарихындағы күрделі өзгерістермен байланысты берілді. Абай өмір сүрген қоғамның өзекті тартыстары мен күрестерін, ізгілік пен зұлымдықтың шайқасын, көркем тұлғалардың өткенін, бүгінгісін кеңінен қамтып, болмыстың екшелген, жинақталған шындығын айту міндеті роман – эпопеяда зор шеберлікпен шешім тапты. "Абай жолында" ұлы ақынның жеке бастық іс - әрекеттері дәуірдің көкейкесті мәселелерімен, нәсілдер, таптар, халықтар тағдырларының тоғысуымен орайластырыла баяндалады. Роман – эпопеяда оқиғалардың объективтік ағысы, жеке адамдар тағдырының қоғамдық тіршілікке тәуелділігі, тұлғалардың даралық келбеті, зұлымдықты әшкерелеу мен ізгілікті мадақ ету өмір шындығына сәйкес көрсетіледі.

Эпопеяның желілерін тұтастырып тұрған негізгі арна – Абайдың және оған тілектес топтың озбыр, содыр үстем қауым өкілдерінің зорлығына қарсы күресі. Абай бастаған жаңашыл қауымның халық бақыты үшін батыл айқасқа шығатын кезі өте көп. Сырттай қарағанда эпопеядағы әрбір тараудың әңгімесі жеке-дара, оқшау секілденеді. Бірақ оларды іштей жалғастырып тұрған негізгі арқау ылғи сезілып отырады. Ол – ақын, азамат, еңбекші қауым мүддесі үшін жаны ауыратын, күштілерге қарсы таңжылмай тартысқа шығатын Абайдың өмірі, оның шығармашылық, әлеуметтік қызметі, Абайдың араласуымен шешілетін әр түрлі оқиғалар. Романның құрылысы Абайдың ұзақ та қажырлы ақындық, қайраткерлік қызметін танытуға бағындырылған.

Эпопеядағы орталық тұлға, типтік характер – Абай. Ол – бүкіл бір халықтың рухани адамшылық келбетін елестете алатын бейне. Абай сөзі мен ісі соншалық нақты, әрбір әрекетіне нандыратын тұлға, заман мен халық қамын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұлы ақын сипатында көрінеді. Абайдың көркем бейнесін жасауға ақынның өз өлеңдерінің көп көмегі болғанын жазушы ризалықпен еске алады. Суреткер ұлы ақынның шығармаларын туғызған жағдай мен себептер табиғатына терең болжау арқылы оның өмір жолына қанығады. Абай халық қиялында қаншалық биік сатыда тұрса, роман оның көркем бейнесін соншалық жоғары деңгейде көрсетеді.

Абайдың өз әкесі Құнанбайдан мүлде басқа ой-өріс бағытында қалыптасып келе жатқандығы оның оқуға аттанар алдында Тобықтының білгір шешендерін сөзден жығуынан, Құнанбайдың «мінің» деп көрсеткендерін жақсылық деп дәлелдеуінен айқын аңғарылады. Бұл тұста болашақ ұлы ойшыл ақын мінезіндегі қайсар тегеурін сезіледі.

Абайдың өмір өткелдерін, әлеуметтік майдандағы әр алуан күрделі істерін оның нағыз адамдық ықыластарымен, үміт-арманымен, күйініші-сүйінішімен бірлестіре көрсету арқылы суреткер оның тұлғасын типтік характер дәрежесіне көтерді, ақын, ойшыл, қоғам қайраткерінің асыл бейнесін жасады.

Құнанбай образының жасалу шеберлігі бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихында сирек ұшырасады. Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір ғана емес, бірнеше (ақ, көк, сары...) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде, бірақ күңгей-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп, не тонап өкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады.

Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды; шоқпар мен сойылдың ғана емес, өріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен көкірегі сара – көреген; ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан, қасарма сұғын қадағанды сілейтпей тынбайтын қазымыр, қатал кісі. Арыстанның айбаты да, жолбарыстың жүрегі де бір өзінде; жыртқыштығы да сондай; бүргені құтылмайды, құтылса, мынаның тырнағы сонымен бірге кетеді. Мұнысын қайталанбас қайсарлыққа саяды. Осыған енді амалы мен айласы қосылғанда Құнанбайдың құлығы мен сұмдығына, сұңғыла зымиянды-ғына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл.

Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен; тілі өткір, тиген жерін тіліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік, оқшау тұрған жоталы тұлға екенін көрсетеді және оның осындай өзгеше бөлек бітімін өз ортасы да өбден ойындал болған. Құнанбайдың көп қырлы қасиетін досы түгіл тіпті дұшпаны да жоққа шығара алмайды.

Құнанбай жалғыз емес. Оның маңында әр рудың басы, әр ауылдың ақсақал-қарасақалдары – Бөжей, Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер бар. Өз іргесіндегі Майбасар, Ызғұтты, Төкежан, Жиреншелер бар. Оразбай, Шұбар, Әзімбайлар бар. Дәуірлік белестен алып қарағанда осылар – бір топтың адамдары, Абайдың қарсыластары, Абай бастаған жаңаның ата дұшпандары. Сонымен қатар осылар өзара қырғи-қабақ: бақастар, бәсекелестер, бақталастар. Қарақан бастың қамына келгенде бұлар бір-бірін аямайды, біріге бере талап тастап, бөліне бере түтіп жеп жүргендер...

Бұл – адам адамға дос емес, қасқыр болған Құнанбай заманының заңы. Майталман суреткер Құнанбай маңындағы бар адам және әр адам арқылы солар өмір сүрген заман кескінін де зергерліктен бейнелеп көрсеткен. Жалпы, XX ғасырдың соңғы елу жылындағы қазақ өмірінің көркем шежіресі бол табылатын ұлағайыр эпопеяда барлық қыры-сырымен халық образы жасалды десек, сол халық өкілдерінің ішінен айрықша атап айтарлық бедерлі бейнелер – Дәркембай мен Базаралы. Балағаз бен Абылғазыдан Дәрмен мен Сейітке дейінгі ондаған кейіпкерлер – Дәркембай мен Базаралының әлеуметтік ортасы, таптық қоршауы. Бұл екеуі жүрген жердегі әлеуметтік күрестің де сыр-сипаты бөлек, ақ пен қарадай айқын. Осылар арқылы автор романдағы жүздеген типтер мен характерлер ішінен уақыт сынынан өтіп есетіндерін де, келешегі жоқ өшетіндерін де өмірдің өзіне іріктетіп, сұрыптатып отырады.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының көк қауырсын кезінде жазылып, кейін өңделіп, толықтырылған «Еңлік – Кебек» трагедиясы қазақ драматургиясындағы төл басы туындылардың бірі. «Еңлік – Кебек» екі жастың бақытсыз махаббатын көрсетуге арналғанымен, онда қыр елінің басқа да мәселелері қамтылған. Ең алдымен, адамгершілік, адамның жеке басын қадірлеу, ел бірлігін көксеу, бұқара халыққа бейбіт өмір тілеу, болашаққа үміт, сенім көзімен қарау мәселесі ұсталады. 1916 жылғы оқиғаға арналған «Түнгі сарын» пьесасы да көсек туындылардың бірі. Ол қазақ драматургиясы тарихынан лайықты орын алатын, мазмұн-идеясы терең, көркемдігі жоғары шығарма. Л. Соболевпен бірлесіп жазған «Абай» трагедиясында қазақ халқының ұлы ақыны Абай өмір сүрген заманның ащы шындығы бейнеленген. Қазақ драматургиясының шоқтығы биік туындыларының бірі саналатын «Қаракөз трагедиясы» да екі жастың махаббатына арналып, өткеннен тартар ескі адет-ғұрыптарды сынауға арналған. Жазушы қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті, рухани мұрасы жайында тамаша ғылыми еңбектер жазды. 1927 жылы қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихын аралаған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты іргелі ғылыми еңбек жариялады. 1959 жылы жазушының әдебиеттану саласындағы көлемді еңбектері «Әр жылдар ойлары» деген атпен жеке кітап болып басылды. Кейінірек «Уақыт пен әдебиет» деген зерттеу еңбегі басылды.

Ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл, алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттету басталған тұста Мұхаң бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысуға көшеді. Ғылыми жұмыстарды да қолға алады.

1930 жылы идеялық көзқарасы үшін тұтқынға алынады. Тергеу ұзаққа созылып, 1932 жылғы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Осы жылғы 10 маусым күнгі «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде М. Әуезовтің «Ашық хаты» жарияланады. Онда Мұхаң өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен, «Қаракөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды. Содан кейін ғана ол түрмеден босатылып, оқытушылық жұмыспен айналысуына рұқсат алды.

Ол 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. Қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтің аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М. Әуезов атымен аталды

Дариға МУКУЖАНОВА,
№ 3 кәсіптік лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.
Талдықорған қаласы.